



**2020-2022 жж.  
«Петропавл ауыр  
машина  
жасау зауыты» АҚ  
ҰЖЫМДЫҚ  
ШАРТЫ**



**КОЛЛЕКТИВНЫЙ  
ДОГОВОР  
АО «Петропавловский  
завод тяжёлого  
машиностроения»  
на 2020-2022 гг.**



**2020-2022 жж.**

**«Петропавл ауыр машина жасау зауыты» акционерлік қоғамының  
ҰЖЫМДЫҚ ШАРТЫ**

Петропавл қ.  
2020 ж.

## МАЗМҰНЫ

1.	Кіріспе	3
2.	Ұжымдық шарттың мәні	3
3.	Жалпы ережелер	3
4.	Еңбек және демалыс тәртіптері	4
5.	Еңбекақы төлеу	5
6.	Кадрлар потенциалды дамыту	8
7.	Гендерлік саясат. Жұмыс істейтін әйелдерге әлеуметтік кепілдіктер және жеңілдіктер.	8
8.	Жастар саясаты. Жастардың әлеуметтік кепілдіктері және жеңілдіктері.	9
9.	Жұмыспен қамтамас етуге көмек.	11
10.	Еңбек қорғау.	12
11.	Әлеуметтік кепілдіктер.	16
12.	Қоғамның өндірістік – экономикалық әрекет жасаудың көмегі. Кәсіподақ комитеті қызметінің шарттары, құқықтары және кепілдіктері.	17
13.	Ұжымдық шартқа қол қойған тараптардың әлеуметтік серіктестігі және қызметтерін бақылау.	20
14.	Ұжымдық шартты орындамаған үшін тараптардың жауапкершілігі.	21
15.	Ұжымдық шарттың қолдану мерзімі.	21
16.	Ұжымдық шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі.	21
17.	Ұжымдық шартпен таныстыру тәртібі.	21
18.	Қорытынды ережелер.	22
	Ұжымдық шартқа қосымшалар тізімі	23

## 1. КІРІСПЕ

1.1. Қоғамның осы шарты (бұдан әрі – «**Ұжымдық шарт**») өндірістің табысты дамуы және әлеуметтік тұрақтылықты қолдау, әлеуметтік серіктестіктің әрі қарай дамуы үшін жағдайлар жасау үшін Қызметкерлердің және Жұмыс берушінің мүдделерін келісу мақсатында жасалған.

1.2. Ұжымдық шарттың тараптары:

«**Жұмыс беруші**»: «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» акционерлік қоғамы (бұдан әрі **Қоғам**) бас директор Азамат Елюбайұлы Жуаспаев тұлғасында және

«**Қызметкерлер**»: (бұдан әрі **Кәсіподақ комитеті**) «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» акционерлік қоғамының кәсіподақ комитетінің мүшелері, «Қазақстан Республикасы машина жасау қызметкерлерінің Кәсіподағы» Қоғамдық Бірлестігі филиалының – «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ Кәсіподақ комитетінің төрағасы Владимир Николаевич Зарубинды өз мүдделерін білдіруге, соның ішінде Ұжымдық шартқа қол қоюға өкіл еткен Қоғам Қызметкерлері.

1.3. Ұжымдық шарт қызметкерлер үшін еңбек жағдайларын, қамтуды және әлеуметтік кепілдіктерді белгілеу бойынша тармақтардың мазмұнын және міндеттемелерін белгілейтін әлеуметтік серіктестік тармақтарының арасында жасалған жазбаша келісім түрінде құқықтық акт.

## 2. ҰЖЫМДЫҚ ШАРТТЫҢ МӘНІ

2.1. Жұмыс берушінің Қоғам Қызметкерлері үшін жеңілдіктер мен кепілдіктерді белгілеуі, сондай-ақ төменде аталған мәселелерде Қызметкерлер мен Жұмыс берушінің өзара міндеттемелерін белгілеу Ұжымдық шарттың мәні болып табылады:

- еңбекақы төлеу;
- еңбек және демалыс тәртібі;
- кадрлық потенциалды дамыту;
- гендерлік және жастар саясаты;
- жұмыспен қамтылуға көмек көрсету;
- еңбекті қорғау;
- Қызметкерлерге әлеуметтік кепілдіктер;
- Кәсіподақ қызметін жүзеге асыру үшін жағдай жасау;
- Шарт Тараптарының әлеуметтік серіктестігі және әрекеттерін басқару.

2.2. Сонымен қатар Ұжымдық шартта Қызметкерлер үшін аса маңызды еңбек туралы заңдардың негізгі ережелері келтіріледі.

## 3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1. Ұжымдық шарт Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және машина жасау саласындағы салалық келісімге сәйкес Қазақстан Республикасының машина жасау және қорғаныс өнеркәсібінің 2020-2022 жылдарға арналған салалық келісіміне сәйкес әзірленді және жасалды.

3.2. Ұжымдық шарттың әрекеті, соның ішінде Ұжымдық шартпен қарастырылған еңбек құқықтары Жұмыс берушіге және Қоғамның шарт жасаған және оған жазбаша өтініш негізінде қосылған Қызметкерлерге таралады.

Ұжымдық шартпен қарастырылған әлеуметтік жеңілдіктер және кепілдіктер кәсіподақ комитетінің мүшелеріне таралады, сонымен бірге кәсіподақ мүшелері емес, бірақ кәсіподақ комитетін олардың мүдделерін білдіретін уәкілді қылған және кәсіподақ комитетінің ұжымдық есебіне ай сайын айлықтарынан 1% көлемінде ақшалай қаржыны (жарналар) аударып отыратын Қызметкерлерге.

3.3. Ұжымдық шарт тараптар арасында өз еріктерімен Қазақстан Республикасының заңнамасының мөлшерлерін сақтау, тараптардың тең құқықтығы мен мүдделерін құрметтеу, таңдау еркіндігі, оның мәнін құрайтын мәселелерді талқылау және шешу, қабылданған міндеттемелерді қамсыздандыру ақиқаттылығы негізінде жасалған. Тараптар осы шарттың талаптарын орындау міндеттілігін растайды.

Ұжымдық шартқа қол қойған тараптар өздерінің өкілеттілігінің көлемінде Ұжымдық шарттың міндеттемелерін өздеріне қабылдайды.

3.4. Жұмыс беруші кәсіподақ комитетін Қоғам Қызметкерлерінің жалғыз өкілі деп таниды, себебі оған еңбек ұжымының жиналысымен (конференциясымен) еңбек және еңбекпен байланысты басқа әлеуметтік-экономикалық қатынастарда олардың мүдделерін білдіру өкілеттігі берілді.

3.5. Жұмыс берушінің актілерінің және Қызметкерлер өкілінің (өкілдерінің) пікірін есепке алуды талап ететін мәселелердің тізімі Ұжымдық шарттың № 9 қосымшасында көрсетілген.

## **4. ЕҢБЕК ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ТӘРТІПТЕРІ**

**Тараптар Қызметкерлерге еңбек және демалыс тәртіптерін үйлестірудің қолайлы жағдайларын құру мақсатында келісті:**

- 4.1 «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ қызметкерлері үшін жұмыс уақытының тәртібін еңбек тәртіптерінің Ережелерімен (Ұжымдық шарттың № 1 қосымшасы) және Бөлімшелердің жұмысының жұмыс тәртібімен (Ұжымдық шарттың № 2 қосымшасы), сонымен бірге кезектілік кестесімен белгілеуге.
- 4.2 Қоғамның Қызметкерлерінің жұмыс уақытының қолайлы ұзақтылығы аптада 40 сағаттан аспау керек. Заңнамаға сәйкес Қызметкерлердің бөлек категориясы үшін жұмыс уақыттың қысқартылған ұзақтылығы белгіленеді.
- 4.3 Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес белгіленсін:
  - он төрт жастан он алты жасқа дейін Қызметкерлер үшін – аптасына 24 сағаттан көп емес;
  - он алты жастан он сегіз жасқа дейін Қызметкерлер үшін – аптасына 36 сағаттан көп емес;
  - I немесе II топтың мүгедектері болатын Қызметкерлер үшін – аптасына 36 сағаттан көп емес;
  - ауыр жұмыста, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларымен байланысты жұмыстарда істейтін Қызметкерлер үшін – ауыр жұмыстардың, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларымен байланысты жұмыстарда істейтін өндіріс, цехтар, кәсіптер және лауазымдар Тізіміне сәйкес құрастырылған Ұжымдық шарттың № 3 қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте аптасына 36 сағаттан артық емес.
- 4.4 Үстеме жұмыстарға Қызметкерлер тек қана олардың келісімдерімен шақыртылады, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 77 бабының 2 тармағымен қарастырылған жағдайды қоспағанда. Үстеме жұмыстар әр Қызметкер үшін тәуілік бойынша екі сағаттан артық болмау керек, ал ауыр жұмыстарда, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайлармен байланысты жұмыстарда – бір сағат. Үстеме жұмыстардың жалпы ұзақтылығы бір айда он екі сағаттан және бір жылда жүз жиырма сағаттан артық болмау керек.
- 4.5 Бөлек бөлімшелерде және кейбір жұмыс түрлерінде, қайда өндіріс (жұмыстың) жағдайлары бойынша осы Қызметкерлердің категориясына белгіленген күн сайынғы немесе апта сайынғы жұмыс уақыттың ұзақтылығы сақталудың мүмкіншілігі болмаса бекітілген кестелерге сәйкес, Қазақстан республикасының

Еңбек кодексінің 83 бабымен белгіленген күн сайынғы (кезек арасындағы) демалыстың ұзақтығын сақтаумен және нақты жұмыс істелген уақытқа айлықты төлеумен жұмыс уақыттың жинақталған есебі белгіленсін.

Есеп мезгілі болып жыл бекітілсін.

- 4.6 Кезектілік кестелері Жұмыс берушімен Қызметкерге олар қолданысқа енер алдында он күнтізбелік күннен кеш емес, алдын ала Кәсіподақ комитетін ескере отыра ескертіледі. Қызметкерді екі ауысым қатар жұмысқа қатыстыруға тыйым салынады. Жұмыс ауысымдардың арасында үзіліс 12 сағаттан кем болмау керек.
- 4.7 Жұмыстарда, қайда өндіріс жағдайлары бойынша демалу және тамақтану үшін үзілісті беруге мүмкіншілігі болмағанда Ұжымдық шарттың № 2 қосымшасында белгіленген Қызметкерлерге жұмыс уақытында тура жұмыс орындарында демалу және тамақтану үшін жағдайларды жасау.
- 4.8 Демалыс кестесіне сәйкес, Қызметкерлерге ұзақтылығы 24 күнтізбелік күн жыл сайынғы негізгі ақысы төленетін демалыс беру.
- 4.9 Қызметкерлер лауазымдарының Тізімдемесіне сәйкес 3 тен 6 күнтізбелік күн қосымша ақысы төленетін жылсайынғы еңбек демалысын беруге (№5 қосымша).
- 4.10 Қызметкерлердің келесі категорияларына қосымша төленетін жылсайынғы демалыстар берілсін:
- 4.10.1 Еңбек жағдайлары бойынша Қоғамды міндетті мерзімді аттестациялауына сәйкес еңбектің зиянды және қауіпті жағдайларымен жұмыс істейтін Қызметкерлерге (№ 3 қосымша).
- 4.10.2 Қоғамда үздіксіз жұмыс істеу өтілі үшін (№ 4 қосымша).
- 4.10.3 Бірінші және екінші топтың мүгедектеріне ұзақтылығы алты күнтізбелік күн.
- 4.11 Қызметкерлерге жазбаша өтініш бойынша оқиға уақытына ұзақтығы 3 жұмыс күніне дейін ақылы демалыс беруге:
- Қызметкер ресми тіркелген жағдайда;
  - ерлі – зайыптардың біреуі қайтқанда, отбасы мүшесі (балалар, ата – аналар, туған аға – інілері, әпкелері - қарындастары);
  - Қызметкерде бала туғанда және (немесе) Қызметкер бала асырап алғанда.
- 4.12 Ұжымдық шартпен және заңнамамен қарастырылған төленетін қосымша демалыстар толық жыл сайынғы негізгі демалысқа қосылады.
- 4.13 Қызметкер және Жұмыс беруші арасында келісім бойынша ақысы төленетін еңбек демалысы бөлініп берілуі мүмкін. Сонда ақысы төленетін еңбек демалысының бір бөлігі Қызметкердің еңбек шартында қарастырылған демалыс ұзақтылығынан күнтізбелік оң төрттен кем болмау керек.
- 4.14 Қызметкерге, алдын ала жазбаша өтініш бойынша, Қызметкер және Жұмыс беруші арасында келісімдікпен белгіленген ұзақтылығымен еңбек ақысын төлеусіз демалыс беруге.
- 4.15 Балалық шақтан мүгедек – балалары бар Қызметкерлерге жыл сайынғы еңбек демалысты олар үшін қолайлы уақытта беруге.

## 5. ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ

**Тараптар Қазақстан Республикасындағы орта еңбекақыға бейімделіп, өндіріс тиімділігінің және қызметкерлердің орта еңбекақысының жоспарлы өсуінің арқасында кәсіпорын табысын көбейтуге бағытталған саясатты жүргізеді.**

## **5.1 Жұмыс беруші міндетті:**

5.1.1 Еңбек ақысын төлеудің түрлерін және жүйелерін, тарифтік ставкалардың көлемін, дәреже аралық коэффициенттерін, лауазымдық еңбекақы кестелерін, материалдық көтермелеудің түрлерін, өтемақы ерекшелікті, соның ішінде қалыптан ауытқитын жағдайларда жұмыс үшін, үстемелерді және қосымша төлеулерді, ынталандыратын ерекшелігімен үстемелердің және қосымша төлеулердің жүйесін, сонымен бірге төлеу, сыйлық беру және жыл бойы жұмыс нәтижелері бойынша ақы төлеу бойынша ережелерді бекіту, белгілеуін және қайтадан қарауын Кәсіподақ комитетімен келісім бойынша жүзеге асыруға және Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарда тіркеуге.

Қызметкерлердің еңбек ақысын төлеудің оның нәтижелерімен байланысын қамтамасыз етуге, сол үшін еңбек бойынша нормативті негізді жетілдіру бойынша және әр Қызметкерге еңбек ақысын төлеудің жағдайларын жеткізу жұмыстарын ұйымдастырады.

Қоғамның қаржылық мүмкіншіліктерін есепке ала Еңбек өнімділігінің және өндіріс көлемінің өсуіне байланысты қызметкерлер еңбек ақы төлеу қорының өсуін қамтамасыз етуге.

5.1.2 Еңбек төлеудің тиімді және алғыр түрлерді және жүйелерді қолдануға. Уақыт үшін, кесімді еңбек ақысын төлеу түрлерін және олардың түрлерін: уақыт үшін – сыйлық ақы, кесім – сыйлық ақы және басқаларын қолданып еңбек төлеудің тарифті, тарифсіз және аралас түрлерін қолдануға. Еңбек ақысын төлеудің аралас жүйесінде негіз болып қолдансын: жұмысшылар үшін – 6 разрядты тарифтік кесте; қызметкерлердің басқа санаттары үшін – тарифтік, лауазымдық еңбекақылардың сұлбалары. Еңбек ақысын төлеу жүйесі бір жолғы ынталандыратын төлеуді есепке алусыз қызметкерлердің еңбек ақыларында 75 пайыздан кем емес негізгі еңбек ақының үлесін қамтамасыз ету керек.

Бір жолғы ынталандыратын төлемдерге жатады:

- 1) төлеу көзіне байланысты емес бір жолғы сыйлықақылар;
- 2) жыл үшін жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы (сыйлықақылар, бонустар);
- 3) біржолғы ақшалай сыйлықақылар (мерейтойларға, мерекелік күндерге және т.б.);
- 4) бір рет берілетін жұмыстарды орындау қорытындылары бойынша сыйлықақы;
- 5) ай, тоқсан үшін қорытындылар бойынша ағынды сыйлықақылар.

5.1.3 Жеке және (немесе) ұжымдық еңбек нәтижелері үшін төлеуді жүргізуге.

5.1.4 Қызметкерлердің біліктілік талаптарын, олар орындайтын жұмыс күрделілігін ескере, кәсіби стандарттарға сәйкес жұмысты тарифтеу, ал олар болмағанда «Жұмысшылардың кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифті - біліктілік анықтамалығына», «Басшылар, мамандар және басқа қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына» сәйкес, ал кәсіптері мен лауазымдары жоғарыда аталған анықтамалықтарға енгізілмеген Қызметкерлерге Қоғамда бекітілген тарифті - біліктілік сипаттамалар және лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес қоюға.

5.1.5 Қызметкердің еңбекақы мөлшерін оның біліктілігі, күрделілігі, саны және сапасына, сонымен қатар еңбек жағдайына байланысты саралау түрде белгілеуге.

Қызметкер еңбегін төлеу үшін Жұмыс берушінің актімен күнтізбелік жылдың бірінші күнінен бастап Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 104 бабына сәйкес еңбек ақысын төлеудің ең төмен мөлшерін белгілеуге.

5.1.6 Қоғамның барлық Қызметкерлері үшін есептелген еңбекақыға 1,15 көлемінде арттыратын коэффициентін қолдануға.

5.1.7 Қызметтері зиянды, ауыр және қауіпті еңбек жағдайларымен байланысты

қызметкерлер үшін белгіленген тарифтік ставкаларға, жұмыс орындарын аттестаттау нәтижелеріне байланысты лауазымдық және тарифтік айлықақыларға 1.1-1.18 мөлшерінде арттырушы салалық коэффициентті қолдануға (№3 қосымша).

- 5.1.8 Қызметкерлерге Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген жағдайларда және тәртіпте ынталандыратын және теңелтетін ерекшелікті үстемелерді және қосымша төлеулерді белгілеуге.
- 5.1.9 Үстеме уақытта, мереке және демалыс күндері, түнгі уақытта жұмыс үшін төлеуді Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жасауға.  
Еңбекке мерзімдік ақы төлегенде артық жұмсалған уақытта жұмыс істеу қызметкердің күндізгі (сағаттық) мөлшерлемесіне бағынышты бір жарым мөлшерде төленеді. Келісімді еңбекақыда артық жұмсалған уақытта жұмыс істеу қызметкердің күндізгі (сағаттық) мөлшерлемесіне бағынышты елу пайыз көлемінде жүргізуге.  
Тараптар келісімі бойынша артық жұмсалған уақытта жұмыс істеу үшін артық уақытта жұмыс істеудің бір сағаты үшін бір сағат демалыс есебінен демалыс сағаттарын беру мүмкін.  
Мерекелік және демалыс күндерінде жұмыс істеуді төлеу қызметкердің күндізгі (сағаттық) мөлшерлемесінен бір жарым көлемде жүргізіледі.  
Түнгі уақытта жұмыс істегеннің әр сағаты бір жарым көлемде қызметкердің күндізгі (сағаттық) мөлшерлемесіне байланысты.
- 5.1.10 Жұмыс берушіден және Қызметкерден байланысты емес себептер бойынша тұрып қалу уақытын төлеу жалақысын төлеудің ең төмен мөлшерінен төмен емес, Жұмыс берушінің кінәсі бойынша – Қызметкердің орташа жалақысынан елу пайыздан төмен емес көлемде төлеуге. Қызметкердің кінәсі бойынша жіберілген тұрып қалу уақыты төленбейді.
- 5.1.11 Лауазымдарды қоса атқарғаны (қызмет көрсету аймағын кеңейткені) немесе уақытша болмаған қызметкердің міндеттерін орындағаны үшін қосымша ақылар Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес тарифтік ставка мөлшерінің, қызметкердің атқаратын лауазымы/кәсібі бойынша лауазымдық айлықақысының 30% - ынан аспайтын мөлшерде жүргізуге.
- 5.1.12 Зиянды және қауіпті еңбек жағдайларымен жұмыстарда жұмыс істейтін Қызметкерлерге қосымша төлеулерді және жеңілдіктер жұмыс орындарын аттестациялаудың нәтижелері бойынша төлеуге.
- 5.1.13 Құрылымдық бөлімшелер басшыларының, мамандар мен қызметшілердің лауазымдық жалақыларына жеке дербес үстеме ақылар Қоғамның ішкі құжаттарында айқындалған тәртіппен және шарттарда 70% - ға дейінгі мөлшерде төлеуге.
- 5.1.14 Тиісті біліктілігі бар Қызметкер үшін еңбек нормаларын (өнімділік, уақыт, қызмет көрсету, еңбек сыйымдылығы, саны) жетілген техника, технология, өндірісті және еңбекті ұйымдастыру деңгейіне сәйкес белгілеуге.  
Он сегіз жасқа толмаған Қызметкерлер үшін өнімділік нормасы қысқартылған жұмыс уақытын есепке алумен белгіленеді.
- 5.1.15 Еңбек мөлшерін қайта қарастыруды, енгізуді және ауыстыруды, еңбек ақысын төлеу шарттарын өзгертуді, еңбек ақысын төлеу түрлерін және жүйелерін тек экономикалық дәлелдеу негізінде, Кәсіподақ комитетімен алдын ала келіскенде, оларды енгізер алдында бір айдан кеш емес қамтамасыз етуге.
- 5.1.16 Барлық қызметкерлерге еңбекақы және еңбекақыдан ұстап қалу туралы есеп айырысу парақтар беруге.
- 5.1.17 Еңбекақыны келесі айдың 10-шы күні қызметкерлердің банктегі жеке шотына аудару жолымен беруге.  
Еңбекақы төлеу күні демалыс не мереке күндеріне келетін болса, ақша олардың



қарсаңында төленеді.

Еңбек ақы ақшалай түрде төленеді. Еңбек үшін сыйақының дәстүрлі емес түрлерін қолданбауға (натуралды беру және т.б.).

- 5.1.18 Еңбек шарт тоқтағанда Жұмыс беруші қызметкерге тиісті соманы еңбек шарт тоқтағаннан кейін үш жұмыс күннен кешіктірмей төлеуге.
- 5.1.19 Ай сайын жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы төлеулерін, міндетті кәсіподақ зейнетақылық төлеулерін аударуға.
- 5.1.20 Қызметкерлердің жазбаша түрде берген өтініштері бойынша бухгалтерия ұстап қалған кәсіподақ төлемдерін кәсіподақ комитетінің шотына ай сайын аударуға.

## **5.2 Кәсіподақ комитеті міндетті:**

- 5.2.1 Жұмыс берушінің еңбекақы төлеу міндеттерін орындаудың қоғамдық бақылауын жүзеге асыру бойынша заңда көзделген құқықтарды толық көлемде қолдануға.
- 5.2.2 Қоғамда еңбек және жұмысбастылық мәселелері бойынша еңбек дауласуларды реттеуде көмек көрсетуге. Қызметкерлердің еңбекақы төлеу мәселелері жөнінде өтініштері мен жүгіну қағаздарын қарастыруға және Қызметкерлердің мүдделерін қорғайтын шешімдерді қабылдауға.

## **6. КАДРЛІК ПОТЕНЦИАЛДЫ ДАМУ**

**Кәсіпорынның тиісті кәсіби біліктілігі бар Қызметкерлер мұқтажығын қанағаттандыру, кадрлық потенциалды дамыту, ұжымды жастандыру мақсатында**

### **6 Жұмыс беруші:**

- 6.1 Жыл сайын қызметкерлердің кәсіби дайындығының, қайта даярлау және біліктілігін арттырудың қажет көлемін белгілейді.
- 6.2 Өндірістік қажеттілікті есепке ала отыра қызметкерлер құрамын ішкі өндіріс оқыту жүйесін ұйымдастырады, қайсысы Қоғам қаржы құрамы есебінен қызметкерлер құрамының біліктілігін арттыруды және кәсіби қайта дайындауды қарастырады.  
Қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру, білім беру ұйымдарына оқуға жолдау, студенттер мен оқушылардың іс-тәжірибелерін ұйымдастыру және өткізу кәсіпорынның «Кадрлармен жұмыс жүргізу» стандартына және ««ПЗТМ» АҚ Қызметкерлерін даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру туралы Ережеге» сәйкес жүзеге асырады.  
Жұмыс берушінің қаржы есебінен жоғары білімді мамандарды даярлаған кезде Қызметкермен нотариуспен куәландырылған белгіленген форма бойынша жеке міндеттемені рәсімдейді.
- 6.3 Оқу демалысы: оқу орындарынан ресми шақыру қағазы ұсынылғанда нұсқаушы сессия, емтихан тапсыру, өндірістік іс-тәжірибе, дипломдық жобаларды даярлау және қорғау мерзіміне береді.  
Қоғамның қаржылық мүмкіншілігі болғанда Қоғамға қажет мамандықтар бойынша оқып жатқан Қызметкерлерге Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес оқу демалыстарын төлейді.  
Қоғамның қаржылық мүмкіндігі болғанда Қоғам жолдауы бойынша білім беру ұйымында оқитын Қызметкерлерге оқу демалыстарын Қызметкердің орта айлық еңбекақысы бойынша төлейді.
- 6.4 Өндірісте кәсіби оқитын не оқу орындарында өндірістен үздіксіз оқитын Қызметкерлерге жұмыспен қатар оқу үшін жағдай жасайды.
- 6.5 Біліктілік дәрежесі мен санатын арттыруға, лауазымын жоғарылатуға байланысты мәселелерді қарастырғанда, Қызметкер кәсіпорында кәсіби оқудан табысты өткенін, оның жалпы білім беру және кәсіби дайындығын, жоғары не арнайы орта білім алғанын есепке алады.

- 6.6 Кәсіподақ комитетімен бірлесіп Қоғам дамуына және техникалық қайтадан құралдануға сәйкес бос Қызметкерлерді кәсіби дайындау және қайтадан оқыту үшін жағдайларды жасайды.
- 6.7 Кадрлардың кәсіби дайындауын ұйымдастыру бойынша шамаларды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

## **7. ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ.**

### **ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ӘЙЕЛДЕРГЕ ӘЛЕУМЕТТІК КЕПІЛДІКТЕР ЖӘНЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР.**

#### **7.1. Жұмыс беруші міндетті:**

- 7.1.1 Ауыр жұмыстарда, зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті еңбек жағдайлармен жұмыстарда, әйелдермен, оларға белгіленген артық шамалардан асатын ауырлықтарды қолмен ауыстыруға және көтеруге байланысты жұмыстарда әйелдер еңбегін қолданбауға.
- 7.1.2 Жүкті әйелдерді түнгі уақытта жұмыс істеуге, демалыс және мереке күндері жұмыс істеуге, үстеме жұмыстарға қатыстырмауға, оларды жыл сайынғы ақысы төленетін еңбек демалыстан шақыртпауға.  
Егер жүкті әйелге медициналық көрсетілім бойынша іссапарға бару сияқты жұмысқа тыйым салынса іссапарға жібермеуге.  
Келесі қызметкерлерді жазбаша келісусіз түнгі уақытта жұмысқа қатыстырмауға:
- 1) жеті жасқа толмаған балалары бар әйелдерді, және анасыз жеті жасқа толмаған баланы тәрбиелейтін басқа тұлғаларды;
  - 2) он алты жасқа толмаған мүгедек балаларды тәрбиелейтін қызметкерлерді.
- 7.1.3 Дәрігерлік қорытындының негізінде жүкті әйелді зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторларының әсер тигізуін болғызбайтын басқа жұмысқа ауыстыруға.
- 7.1.4 Демалу және тамақтану, кезек ішіндегі және арнайы үзіліс үшін үзілістен басқа бір жарым жасты балалары бар әйелдерге, жасы бір жарым жасқа толмаған балаларды тәрбиелеп жатқан әкелерге (бала асырап алушы) баланы (балаларды) тамақтандыру үшін жұмыстың әр үш сағаты сайын сирек емес келесі созылмалықпен қосымша үзілістер беруге:
- 1) бір баласы барларға, - әр үзіліс отыз минуттан кем емес;
  - 2) екі немесе одан да көп балалары барларға, - әр үзіліс бір сағаттан аз емес.
- Баланы (балаларды) тамақтандыру үшін үзілістерді жұмыс уақытына қосуға.
- 7.1.5 Әйелге, оның қалауынша жүктілігі және босану бойынша демалыстың алдында немесе одан кейін тура немесе бала күту бойынша демалысы аяқталған соң жылсайынғы төленетін еңбек демалысын беруге.
- 7.1.6 Жүкті әйелдің, үш жасқа дейін баласы (балалары) бар әйелдің, әкенің, бала асырап алушының, анасыз үш жасқа толмаған балаларды тәрбиелеп отырғанға, сонымен бірге науқас отбасы мүшесін күтіп жатқан Қызметкерге жазбаша өтініші бойынша, дәрігерлік қорытындыға сәйкес толық емес жұмыс уақыты тәртібін беруге.
- 7.1.7 Бастауыш мектепте оқитын балалары бар әйелдерге жеке өтініштері бойынша 1 қыркүйек еңбек ақысын төлеумен бір демалыс күн беруге.
- 7.1.8 14 жасқа толмаған балалары бар әйелдерге олардың жеке өтініші бойынша 2 күнге созылатын қосымша төленетін демалыс беруге.
- 7.1.9 Баласы орта білім туралы аттестатты алған күні әйелдерге, олардың жеке өтініштері бойынша еңбек ақының сақталуымен 1 демалыс күнін беруге.
- 7.1.10 16 жасқа дейін мектеп жасты балалары бар әйелдерге, олардың жеке өтініштері бойынша еңбек ақысын төлеусіз бір бос күн беруге.
- 7.1.11 Мектепке дейінгі жасты балалары бар қызметкерлерге, олардың өтініштері бойынша жылына ұзақтылығы 14 күнтізбелік күнге дейін еңбек ақысын төлеусіз

қысқа мерзімді демалыс беруге.

7.2 Тараптар әйелдердің еңбек, тұрмыстық және демалыс жағдайларын жақсарту бойынша жұмыстарды тұрақты өткізуге келісімге келді.

## **8. ЖАСТАР САЯСАТЫ.**

### **ЖАС ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ӘЛЕУМЕТТІК КЕПІЛДІКТЕР ЖӘНЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР.**

«Қазақстан Республикасында мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, жас кадрларды бекіту, олардың кәсіби шеберліктерін арттыру және өндірістік проблемаларды шешкенде творчестволық белсенділігін дамыту, мәдени дамуды және бос уақытты өткізуді жақсарту, жас Қызметкерлерді әлеуметтік қорғау мақсатында

#### **8.1. Тараптар келісімге келді:**

8.1.1 Жас Қызметкерлер болып 29 жасқа дейінгі тұлғалар есептеледі.

#### **8.1.2 Бірлескен қызметтің басым бағыттарын белгілеу:**

- оқу орындарында жастармен кәсіби бейімдеу жұмыстарын жүргізу;
- өндірісте жас жұмысшылар мен мамандарды бекіту;
- олардың сынақтан өтуін, бейімделуін және кәсіби өсуін қамтамасыз ету;
- жас қызметкерлер мен мамандардың кәсіби біліктілігін және қызмет деңгейін арттыруға, оларды әлеуметтік қорғауға көмек көрсету;
- жұмыс істейтін және оқитын жастардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету;
- жастарды қолдау, оларды Қоғам өміріне жасампаз, белсенді қатысуға шақыру;
- әлеуметтік, мәдени, рухани және физикалық даму, өмір жолын таңдау, білім алу, кәсіби - еңбек қызметін бастау, отбасын құру және нығайту кезеңінде жастарды қолдау;
- жастар бос уақытын, физкультуралық – сауықтыратын және спорт жұмыстарын қарқындату және қолдау;
- жастардың шығармашылық белсенділіктерін дамыту;
- жас Қызметкерлердің қоғамдық - маңызды ынталарын жүзеге асыру;
- құқықтық және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету;
- тұрғын үй мәселелерін шешуге көмектесу.

8.1.3 Біріккен мәжілістерде жастармен жұмыс істеу мәселелерін қарастыру.

8.1.4 Тәлімгер жүйесін дамыту.

8.1.5 «Маманы бойынша ең жақсы жас жұмысшы», «Маманы бойынша ең жақсы жас маман» және т.б. атақтарына кәсіби шеберлік конкурстарын өткізу.

8.1.6 Қоғамның қаржылық мүмкіншіліктерін есепке ала отыра жас Қызметкерлердің және мектеп түлектерінің іріктеуін өткізіп (Қоғам Қызметкерлерінің балаларын басым ретінде) және сырттай және күндізгі оқу түрлері бойынша Қоғамға қажетті мамандықтар бойынша Қоғам қаржысы есебінен ЖБAM оқуға жіберу.

8.1.7 Оқу орындармен тығыз байланыста болу.

Жұмыс беруші Кәсіби одақ пікірін ескере отыра және қаржылық мүмкіндік болғанда Ұйымға жастарды тарту және жас мамандарды бастауыш, орта және жоғары кәсіби оқытудың білім беру мекемелерінде жас мамандарды дайындау сапасын арттыру мақсатында:

- әлеуметтік серіктестік туралы шарттарға сәйкес оқу мекеменің оқу – материалдық негізін дамыту бойынша көмек көрсетеді;
- өндірісте арнайы пәндердің оқытушыларының тағылымдамасын өткізеді;
- дуалды оқытудың концепциясына сәйкес студенттер үшін тәжірибелердің барлық түрлерін ұйымдастырады;
- оқушыларды және студенттерді өндірістік тәжірибеге қабылдайды және еңбек қатынас рәсімделгендерге жұмыс уақытын төлейді.

- 8.1.8 Кәсіби колледждардың түліктері үшін «Жұмыс қатарына көтеру» салтанатты шараларды өткізу.
- 8.1.9 Жас Қызметкерлер үшін көпшілік мәдени және спорт шараларын ұйымдастыруда көмек көрсету және жәрдемдесу.
- 8.1.10 Ұжымдық шартпен қарастырылған жастармен жұмыс бойынша шараларды өткізуге шығындарды қаржылау.

## **8.2 Жұмыс беруші міндетті:**

- 8.2.1 Қоғамда 3 жылдан кем емес уақыт бойы жұмыс істеген жағдайда, жұмыс кезінде Қазақстан республикасының қарулы күштеріне шақырылған, запасқа жұмыстан шыққан шұғыл қызметінің әскери қызметшілері, Қоғамға жұмысқа қайта оралғанда, еңбек шартқа тұрып, жұмысқа шыққаннан кейін оларға екі айлық тарифтік ставка (еңбекақы) мөлшерінде біржолғы ақшалай жәрдем көрсетуге.
- 8.2.2 Жұмысқа көбінесе 29 жасқа дейінгі жастарды қабылдауға.  
Бастапқы, орта, жоғары кәсіби білімнің жалпы білім беру және арнайы оқу мекемелерін бітірген тұлғаларға жұмыс орындардың үлестеуін қарастыруға.
- 8.2.3 Қоғамның қаржылық жағдайы ескеріліп, Қоғамның жас Қызметкерлеріне пәтер сатып алуға (күруға) және некелескенде материалдық көмек көрсетуге және несие беруге.
- 8.2.4 Басқа қалалық жас мамандарға еңбек шартын жасаған кезде ішкі құжаттың негізінде, олар әрі қарай Қоғамда 3 жылдан кем емес жыл бойы жұмыс істеген жағдайда жайластыруға 10 (он) минималды айлық ақы төлемінің көлемінде біржолғы материалдық көмек төленуі мүмкін.

## **9. ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУҒА КӨМЕК КӨРСЕТУ**

### **9.1 Жұмыс беруші міндетті:**

- 9.1.1 Кәсіподақ комитетімен бірлесіп Қызметкерлерді босатудың болжамдау бойынша жұмысты жүзеге асыруға.  
Өндіріс көлемі уақытша қысқарғанда Қызметкерлер санын бірінші ретте келесі шаралардың есебінен реттеуге:  
- уақытша қабылдауға шек қою;  
- кадрларды алдын ала қайта дайындаудан өткізу, оларды Қоғам ішінде босаған жұмыс орындарына ауыстыру.
- 9.1.2 Кәсіподақ комитетін хабардар ете отырып, қоғамда кемінде 10 жыл үздіксіз жұмыс өтілі болған жағдайда, зейнеткерлік жас алдындағы адамдардан басқа (зейнетке шыққанға дейін 3 жыл бұрын) мерзімге толық емес жұмыс уақыты режимін енгізуге.
- 9.1.3 Қызметкерлер құрамының штаттық санын қысқарту жағдайында бірінші кезекті тәртіпте еңбек шарттары зейнеткерлік жасқа жеткен Қызметкерлермен бұзуға.
- 9.1.4 Қызметкерлерді жаппай жұмыстан босату туралы шешімді қабылдауға, ол туралы Кәсіподақ комитетін болжамды қысқартудың күніне дейін екі ай бұрын ескерте отыра.  
Қоғам қызметкерлерінің санын және штатын қысқартуда қызметкерлерді жаппай босатудың белгісі болып жұмыс істейтіндердің жалпы санынан 10 пайыздан артық санында Қызметкерлерді босату саналсын.  
Қоғамды жою, Қызметкерлердің санын немесе штатын азайту шешімін қабылдаған кезде және Қызметкерлермен шарттарды бұзудың мүмкіншілігінде:  
- босатылатын Қызметкерлердің кандидатураларының іріктеуін жүргізеді, және де Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен қарастырылған кепілдіктерді ескере отыра жұмыста қалдыруға айрықша құқықты жүзеге асырады;  
- халықты жұмыспен қамту органдарына қызметкерлердің жаппай жұмыстан босатылуы туралы мәліметтерді уақтылы (іс-шараны өткізу басталғанға дейін 1

айдан кешіктірмей) ұсынады;

- болатын босату туралы Қызметкерлердің әр қайсысын шараларды өткізудің басына 1 айдан кем емес уақыт қалғанда ескертуге. Денсаулық жағдайы және жұмыс тәжірибесі, біліктілігі болғанда Қоғамда бар басқа бір жұмысты бір уақытты ескертуменен беруге;

- штатын немесе санын қысқарту бойынша Қызметкерлермен еңбек шартты бұзуға, тек қана егер оларды басқа жұмысқа аударудың мүмкіншілігі болмаса.

Келесі Қызметкерлердің категориясымен штатты (санын) қысқарту бойынша еңбек шартын бұзбауға:

- 3 жасқа дейін балалары бар жұмысшы әйелдермен;

- жүкті әйелдермен;

- 14 жасар балалары бар жалғыз аналармен;

- мүгедек балалары бар Қызметкерлермен, 18 жасқа жеткенше дейін;

- анасыз жоғарыда көрсетілген балалардың категориясын тәрбиелейтін басқа тұлғалармен;

- Қоғамда жұмыс істегенде еңбек жаракатын, кәсіби ауруларды алған тұлғалармен;

- «ҚР зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңында белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін екі жылдан аз уақыт қалған қызметкерлермен;

- «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін үш жылдан кем қалған, қоғамда кемінде 15 жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар қызметкерлермен.

9.1.5 Жұмыс беруші Кәсіподақ комитетімен бірігіп, қаржылық мүмкіндікті ескере отыра, Ұйымның техникалық қайта қаруландыруына және дамуына сәйкес босатылатын Қызметкерлерді кәсіби дайындау және қайта оқыту үшін жағдай жасайды, сәйкес оқу жоспарларды және бағдарламаларды құрастыруды жүзеге асырады.

9.1.6 Штатты және санды қысқартуға байланысты болатын босату туралы ескертілген Қызметкерлерге жұмыс іздеуге уақыт беріледі: айына 16 сағат жалақыны сақтаумен.

9.1.7 Еңбек қатынастарды тоқтату Қазақстан Республикасының еңбек кодексіне сәйкес жүргізуге.

9.1.8 Кәсіби білім мекемелерінің түліктерін Қоғамның жұмыс орындарында бекіту бойынша шараларды жетілдіріп тұруға.

9.1.9 Өндірістік қажеттіліктің жағдайларында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 26, 32, 68 баптарында белгіленген талаптарды ескере отыра қосалқы жұмыс атқару туралы еңбек шарттарды жасауға.

## **10. ЕҢБЕК ҚОРҒАУ**

### **10.1 Жұмыс беруші міндетті:**

10.1.1 Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, басқа да заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерге, еңбекті қорғау жөніндегі ережелерге, нұсқаулықтарға, Қазақстан Республикасының машина жасау және қорғаныс өнеркәсібінің 2020-2022 жылдарға арналған салалық келісіміне сәйкес Қоғамда қызметкерлер үшін қауіпсіз жағдайлар мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге.

10.1.2 Еңбекті қорғау жөніндегі Келісімді жыл сайын кәсіподақпен келісуге және әзірлеуге, оны қаржыландыруды қамтамасыз етуге (№ 8-қосымша).

10.1.3 Мемлекеттік стандарттардың, еңбек қауіпсіздігі және қорғау ережелерінің талаптарына сәйкес жұмыс орындарында еңбек қауіпсіздігі жағдайын қамсыздандыруға;

Өндірістік травматизмнің және кәсіби аурулардың алдын алу шараларын

- қолдануға.
- 10.1.4 Қызметкерлерді санитарлық-тұрмыстық бөлмелермен қамсыздандыруға.
- 10.1.5 Еңбектің зиянды жағдайларымен жұмыстарда, сонымен қатар ерекше температуралық жағдайларда жүргізілетін немесе ластануға байланысты жұмыстарда Қоғам есебінен Қызметкерлерді белгіленген мөлшерлерге сәйкес арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқа жеке қорғау құралдармен қамтамасыз етуге.
- Қызметкерлерге жеке қорғану құралдарын беру жұмыскерлерді арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқа да жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етудің әртүрлі экономикалық қызмет ұйымдарының қызметкерлеріне арнайы киім және басқа да жеке қорғаныш құралдарын беру нормаларына сәйкес жүзеге асырылады. Арнайы киімді, арнайы аяқ киімді, оның ішінде жылы киімді, басқа да жеке қорғану құралдарын беруге міндетті тізбе, сондай-ақ оларды беру нормалары №7 қосымшада көрсетілген.
- 10.1.6 Қызметкерлерге қажет санитарлық-гигиеналық жағдай жасауға, оларды сақтандырғыш өңдеу, жуу және дезинфекциялық заттармен, еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нормаларға сәйкес (№6 - қосымша) сүтпен қамтуға;
- 10.1.7 Еңбек шартты тек қана алдын ала дәрігерлік қараудан өткен Қызметкерлермен жасауға.
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда, сонымен қатар еңбек жағдайлары өзгерілуімен басқа жұмысқа ауысқан кезде немесе кәсіби аурудың белгілері көрінгенде Қызметкерлерді өз есебінен міндетті, мезгілді дәрігерлік қараулардан және кезек алдыңғы куәландырудан өткізуге.
- Дәрігерлік куәландыруды өтпеген Қызметкерлерді, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес егер олар міндетті болса жұмыстан шеттеуге.
- «Қазақстан Республикасында зейнет ақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 11 бабының 1 тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа жеткен тұлғалар ауыр жұмыстарда, зиянды және (немесе) қауіпті жағдайлармен жұмыстарда жұмыс істеу рұқсаты жылсайынғы міндетті медициналық тексерудің қорытындыларының негізінде жүзеге асырылады.
- 10.1.8 Жұмысқа қабылданатын Қызметкерлерді еңбек жағдайлары, олардың зияндылығы және қауіптілігі, денсаулық үшін мүмкін қолайсыз салдары, жеке қорғау құралдарының қажеттілігі, компенсациялар, демалыс және еңбек тәртібі туралы хабарлауға.
- Ауыр жұмыс және зиянды және қауіпті еңбек жағдайларымен жұмыс үшін компенсациялар және жеңілдіктер еңбек жағдайларының анық сипаттамалары Қызметкерлермен жасалатын еңбек шарттарында белгіленеді.
- 10.1.9 Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте Қызметкердің денсаулығына және өміріне онымен жұмыс міндеттерін орындаған кезде зиян келтірген үшін азаматтық – құқықтық жауапкершілігін сақтандыруға, Қызметкерлердің әлеуметтік міндетті сақтандыруын жүзеге асыруға.
- 10.1.10 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1019 «Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды, нұсқама беруді және білімдерін тексеруді жүргізу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, қоғам стандартында көзделген тәртіппен барлық қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды, нұсқама беруді, білімдерін тексеруді жүргізуге.
- Барлық жұмысқа түсушілер үшін, сондай-ақ басқа жұмысқа ауысатын қызметкерлер үшін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша нұсқаулық жүргізу, жекелеген санаттар үшін алдын ала оқыту жүргізуге.

- 10.1.11 Белгіленген тәртіпте еңбек жағдайы бойынша жұмыс орындарын аттестациялауға, оның негізінде іс-шаралар жоспарын әзірлеуге және іске асыруға.
- 10.1.12 Белгіленген талаптарға сәйкес дәрігерлік пункттің қызмет етуін қамтамасыз етуге, бекітілген сметаға сәйкес жабдық пен дәрі-дәрмекті, бөлімшелерге дәріханашықтарды сатып алу үшін қаржы бөлуге.
- 10.1.13 Ауыр жұмыстарда, зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда жұмыс істейтін Қызметкерлерге Ұжымдық шартпен және заңнамамен белгіленген компенсация беруге (№ 3 қосымша).
- 10.1.14 Он сегіз жасқа толмаған қызметкерлерді ауыр жұмыстарға, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті жұмыстарға, түнгі уақыттағы жұмысқа, үстеме жұмысқа, жұмыс уақытын жиынтық есепке алу кезіндегі жұмысқа тартпауға, оларды іссапарға жібермеуге, оларды жыл сайынғы ақылы еңбек демалысынан кері қайтарып алмауға, олармен толық материалдық жауапкершілік туралы шарттар жасамауға.
- 10.1.15 Ауыр жұмыстарда, зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда жұмыс істейтін Қызметкерлерді ақысы төленетін жылсайынғы еңбек демалыстан шақыртпауға (№ 3 қосымшаға сәйкес берілетін негізгі демалыстан және қосымша демалыстан).
- 10.1.16 Еңбекті қорғау және қауіпсіздік бойынша үздік құрылымдық бөлімше байқауын өткізуге; Жұмыс орындарда қолайлы және қауіпсіз еңбек жағдайын жасағандары үшін Қызметкерлерді көтермелеуге.
- 10.1.17 Еңбек міндеттерін орындағанда Қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтірілсе, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіпте залал орнын толтыруға.
- 10.1.18 Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 203-бабына және машина жасау саласындағы ұйымдардағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес туралы Ережеге (2020-2022 жылдарға арналған машина жасау және қорғаныс өнеркәсібінің салалық келісіміне №5 қосымша) сәйкес жұмыс беруші мен кәсіподақ комитетінің өкілдерінен тепе-тең негізде құрылатын еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің жұмыс істеуін қамтамасыз етсін.
- Қауіпсіздік және еңбек қорғау бойынша өндірістік кеңестің құрамы Жұмыс берушінің және Кәсіподақ комитетінің бірлескен шешімімен бекітіледі.
- Қауіпсіздік және еңбек қорғау бойынша өндірістік кеңесті кеңес мүшелерімен Жұмыс берушінің және Қызметкерлердің өкілдерінің арасынан алмастыру негізінде екі жыл мерзімділігімен сайланатын төраға басқарады.
- Қауіпсіздік және еңбек қорғау бойынша өндірістік кеңестің шешімдері Жұмыс беруші және Қызметкерлер үшін міндетті болып келеді.
- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес жұмыс беруші мен қызметкерлердің еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, Өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу жөніндегі бірлескен іс-қимылдарын ұйымдастырады, сондай-ақ техникалық еңбек инспекторларының жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғауға тексеру жүргізуін ұйымдастырады.
- Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың кандидатураларын кәсіподақ комитеті ұсынады.
- Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің шешімімен бекітіледі.
- Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың мәртебесі, құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ олардың бақылауды жүзеге асыру тәртібі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің шешімімен айқындалады.
- Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларды жұмыстан босату Кәсіподақтың тиісті органының келісімімен ғана мүмкін.

- 10.1.19 Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларға еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қоғамдық бақылауды жүзеге асыру үшін айына 1 күн (аптасына кемінде екі сағат) орташа жалақысын сақтай отырып, бірақ 5 айлық есептік көрсеткіштен төмен емес мөлшерде беруге.
- 10.1.20 Он сегіз жасқа толмаған қызметкерлердің олар үшін белгіленген шекті нормаларынан асатын ауыр заттарды алып жүруге және олардың жүріп-тұруына жол бермеуге.
- 10.1.21 Әйелдердің олар үшін белгіленген шекті нормалардан асатын ауыр заттарды қолмен көтеруіне және жылжытуына жол бермеуге.

## **10.2 Кәсіподақ комитеті міндетті:**

- 10.2.1 Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің, еңбекті қорғау жөніндегі келісімнің, Ұжымдық шарттың еңбек қауіпсіздігі және қорғау мәселелері жөніндегі тармақтары сақталуының қоғамдық бақылауын жүзеге асыруға, осы мақсаттарға қаржы бөлуге және жұмсауға.
- 10.2.2 Қызметкерлердің еңбек жағдайын жақсартуға және жұмыс орындарында қауіпсіздікті қамтамасыз етуге.
- 10.2.3 Еңбек қызметіне байланысты бақытсыз жағдайларды және Қызметкерлердің денсаулығына басқа зиян келтірілген жағдайларды тергеуге қатысуға.
- 10.2.4 Еңбек міндеттерін атқаруға байланысты, оның ішінде кәсіби аурулар, Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген залал орнының уақытында толтырылуын тексеруге.
- 10.2.5 Қызметкерлердің денсаулығы мен өміріне тікелей қауіп-қатер төнген жағдайда бұзылым жойылғанша, белгіленген тәртіпте жұмысты тоқтату жөнінде Жұмыс берушіге ұсыныстар жасауға.
- 10.2.6 Жыл қорытындысы бойынша еңбекті қорғау комиссиясына «Еңбек қорғаудың үздік қоғамдық инспекторы» атағына үміткерлерді ұсынуға.
- 10.2.7 Қызметкерлер арасында сау өмір сүруді, спортпен шұғылдануды насихаттау бойынша мақсатты жұмыс жүргізуге, спартакиадаларды ұйымдастыруға, спорт базасын кеңейту бойынша шараларды қолдануға.

## **10.3 Қызметкерлер міндетті:**

- 10.3.1 Еңбек қорғау және қауіпсіздік бойынша қағидалардың, ережелердің және нұсқаулықтардың талаптарын, сонымен бірге өндірісте жұмыстарды қауіпсіз жүргізу, өрт қауіпсіздігі және өндірістік тазалық сақтау бойынша Жұмыс берушінің талаптарын сақтауға.
- 10.3.2 Өзінің тікелей басқарушысына өндірісте болған әр бәле, кәсіби аурудың белгілері (улану) туралы, сонымен бірге адамдардың денсаулығына және өмірлеріне, Жұмыс берушінің мүлігінің сақтаушылығына қауіп – қатер туғызатын жағдайлар туралы тез хабарлауға.
- 10.3.3 Міндетті мерзімді медициналық тексеруді және кезек алдында медициналық куәландыруда, сонымен қатар өндірістік қажеттілігіне байланысты немесе кәсіби аурудың белгілері пайда болған кезде басқа жұмысқа ауысу үшін медициналық куәландырудан өтуге.
- 10.3.4 Жұмыс берушімен берілетін жеке және ұжымдық қорғау құралдарын тағайындау бойынша қолдануға және пайдалануға.
- 10.3.5 Бөлімшеге бекітілген аймақтың уақтылы жинауын жүргізуге.
- 10.3.6 Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оған берілетін жұмыс құрал – сайманның, тетіктің, жеке қорғаныс құралдардың және аспаптардың сақтаушылығы және дұрыстығы үшін жауапты.

## **10.4 Қызметкердің денсаулығына келтірілген залалды өтеу**



- 10.4.1 Жұмыс беруші және кәсіподақ комитеті мынаған негізденеді: мертiгiп қалуға, кәсiби аурумен, не еңбек мiндеттерiн орындауға байланысты басқа зақымданумен қызметкердiң денсаулығына келтiрiлген залал үшiн кәсiпорын материалдық жауапты.
- 10.4.2 Еңбек мiндеттерiн орындаумен байланысты Қызметкерге зақымдану жасаулар, кәсiби ауру немесе денсаулыққа басқа зиян келтiру үшiн төлеу бойынша қатынастар, оған сәйкес нормативтi құқықтық актiлерiне қолданылатын, «Қызметкерлердi олар еңбек (қызмет) мiндеттерiн орындағанда бәледен мiндеттi сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен ретке келтiрiледi.
- 10.4.3 Жұмыс орнында ауырған немесе жарақат алған қызметкердi Қоғамның қаржы есебiнен емдеу мекемесiне жеткiзудi жүзеге асырады.
- 10.4.4 Жұмыс берушi Қызметкер өндiрiсте қаза тапқан, сондай-ақ еңбек жарақаты (кәсiптiк ауру) салдарынан мүгедектiгi бар адам қайтыс болған жағдайда):  
- жерлеуге байланысты шығындарды төлейдi;  
- қаза тапқан адаммен бiрге тұрған отбасына оның кемiнде үш еселенген орташа айлық жалақысы мөлшерiнде бiржолғы жәрдемақы төлейдi.
- 10.5 Жұмыс берушi Қазақстан Республикасының Еңбек кодексiне сәйкес өндiрiсте бәлелердi тексерудi және есебiн жүргiзудi өткiзедi.

## 11. ӘЛЕУМЕТТІК КЕШІЛДІКТЕР

### 11.1 Тараптар келісімге келді:

- 11.1.1 Қоғамда 25 жыл мiнсiз жұмыс iстеген адал қызметкерлердi «ПЗТМ» АҚ еңбек ардагерi», 30 және одан да көп жыл атағымен марапаттау - «ПЗТМ» АҚ еңбегi сiңiрген ардагерi» «ПЗТМ» АҚ-да қызметкерлердi ынталандыру туралы Ережеде көзделген тәртiппен.
- 11.1.2 «ПЗТМ» АҚ-тың қызметкерлердi ынталандыру туралы Ережеде көзделген тәртiпте ерекше Қызметкерлердi құттықтап «Машина жасаушы күнiне» арналған шаралар өткiзiледi.
- 11.1.3 Кәсiпорынның қаржы жағдайын ескерiп, Жұмыс берушi мен Кәсiподақтың бiрлескен шешiмi негiзiнде ауыр материалдық жағдайдағы Қызметкерлерге әлеуметтiк жәрдем көрсетiледi: трагедиялық оқиғаға тап болса, қымбат емдi төлеу, ота жасау және т.б.
- 11.1.4 Қызметкерлердiң еңбек қызметiн растайтын құжаттардың және жинақтау зейнеткерлiк қорларға ақша аудару туралы мәлiметтердiң сақталуы қамтамасыз етiледi.
- 11.1.5 Әкiмшiлiк пен кәсiподақтың бiрлескен шешiмi бойынша санаторий-курорттық емдеу жолдамасын беру арқылы Қызметкерлердiң денсаулықтарын сауықтандыру жүзеге асырылады.
- 11.1.6 Әкiмшiлiк пен кәсiподақтың бiрлескен шешiмi бойынша Қызметкерлер балаларына демалыс және денсаулықты жақсарту шаралары ұйымдастырылады.
- 11.1.7 Көпшiлiк дене шынықтырудың және спорттың дамуы қамтамасыз етiледi, спорттың материалдық базасын нығайту мен кеңейту жалғастырылады, спорттық шаралар өткiзiледi.
- 11.1.8 Көркем өнерпаздардың дамуы қамтамасыз етiледi, көркемөнерпаздар концерттерi, мерекелiк iс-шараларды өткiзiледi.
- 11.1.9 Жұмыс берушi спорттық, мәдени-бұқаралық iс-шараларды қаржыландыруды, санаторлық-курорттық емделуге жолдамалар беру, қала сыртындағы сауықтыру лагерьлерiнiң базасында қызметкерлердiң балаларын сауықтыру, балалар мекемелерiне (мектеп, балабақша, балалар үйi, спорт клубы және басқалар) шефтiк көмек көрсету, мұқтаж қызметкерлерге материалдық көмек көрсету жолымен, осы мақсаттар үшiн қоғамның еңбекақы қорының кемiнде 1% мөлшерiнде кәсiподақ комитетiнiң шотына аударымдарды көздей отырып,

- қызметкерлерді сауықтыруды жүзеге асырады.
- 11.1.10 Жұмыс беруші Қызметкерлерді ақылы ыстық тамақпен қамтамасыз етеді.
- 11.1.11 Уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша аурулық қағаздарды заңнамаға сәйкес төленеді.
- 11.1.12 Қоғамның қаржылық жағдайын ескере, Жұмыс беруші мен Кәсіподақтың бірлескен шешімі негізінде пәтер сатып алатын (салатын) және басқа мақсаттарға Қызметкерлерге Жұмыс беруші және Кәсіподақ комитеті бірлесіп шешім қабылдау негізінде, жасалған шарттардың жағдайларына сәйкес мерзімде өтеумен, Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес бірлескен қолдау көрсетіледі.
- 11.1.13 Қоғамның қаржылық жағдайын ескере, Жұмыс беруші және Кәсіподақ комитеті бірлесіп шешім қабылдау негізінде, Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес, Қоғамның Қызметкерлеріне тұрғын үйді жалдау бойынша шығындар толығымен немесе жарым – жарты төленеді, қызметтік, Қоғам жалға алған пәтер беріледі.
- 11.1.14 Еңбек міндеттерін атқаруға байланыссыз, қызметкер қайтыс болған жағдайда, онымен бірге тұрып жатқан отбасына орта айлық жалақы мөлшерінен кем емес мөлшерде біржолғы жәрдемақы төленеді.
- 11.1.15 ҚР Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 24) тармақшасында көзделген негіз бойынша жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шарты бұзылған кезде, сондай-ақ кәсіпорында жұмысты одан әрі жалғастыру мүмкіндігін болдырмайтын, оған I және II топтағы мүгедектікті белгілеу себебі бойынша еңбек шарты бұзылған кезде жұмыс берушінің актісінде айқындалған мөлшерде өтемақы төленеді.
- 11.2 Ардагерлермен жұмыс жүргізу**
- 11.2.1 Қоғамның ардагерлер Кеңесінің қызметіне жәрдем көрсетіледі.
- 11.2.2 Ардагерлер кеңесімен бірлесіп, жыл сайынғы шығындар сметасына сәйкес материалдық көмек көрсетумен, Жеңіс күнін, егде адамдар және мүгедектер айлығын тойлау бойынша іс шаралар өткізіледі.
- 11.2.3 Ардагерлер кеңесімен бірлесіп ардагерлердің еңбек ұжымымен кездесу кештері ұйымдастырылады.
- 11.2.4 Ардагерлер Қоғамда өткізілетін іс шараларға қатыстырылады: гүлдер көрмесіне, «Табиғат сыйлары», «Балаларды қорғау күніне» арналған мерекелерге, «Машина жасаушы күніне», өз күшімен ұйымдастырылған көркемөнерге.
- 11.2.5 Кәсіпорынның ағымдағы қаржы жылдың бюджеті шеңберінде мұқтаждық көретін ардагер - зейнеткерлерге ардагерлер Кеңесінің ұсынысы бойынша қайырымдылық көмек көрсетіледі.
- 11.2.6 Ардагерлер кеңесімен бірлесіп ардагер - зейнеткерлерді туған күндері, мерей тойларымен құттықтайды.
- 11.2.7 Кәсіпорында 10 жылдан кем емес мерзім бойы істеген және кәсіпорыннан зейнеткерлік демалысқа шыққан зейнеткер қайтыс болған жағдайда, оның отбасына ардагерлер Кеңесінің ұсынысы бойынша 10 АЕК мөлшерінде материалдық көмек көрсетіледі.

## **12. ҚОҒАМНЫҢ ӨНДІРІСТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘРЕКЕТ ЖАСАУЫДЫҢ КӨМЕГІ. КӘСІПОДАҚ КОМИТЕТІ ҚЫЗМЕТІНІҢ ШАРТТАРЫ, ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ КЕПІЛДІКТЕРІ.**

Тараптар

- Қоғамның шаруашылық қызметін ойдағыдай қамтамасыз ету үшін жағдай жасауға;
- Қоғамның техникалық қайта қарулануын ынталандыруға, инновациялық технологияларды енгізуге бағытталған шараларды жүзеге асырады.

### **12.1 Қызметкерлер міндетті:**

- 12.1.1 Еңбек тәртібінің Ережелерін сақтауға.

- 12.1.2 Таза, адал ниетпен еңбек етуге, еңбек тәртібін сақтауға, биік өнімділік еңбек үшін жұмыс уақытын нәтижелі қолдануға, басқа Қызметкерлерге олардың еңбек міндеттерін орындауға кедергі жасайтын әрекет жасамауға.
- 12.1.3 Еңбек өнімділігін көтеруге, жұмыстың сапасын жақсартуға, жұмысқа ынтаны көрсетуге және творчестволық жолдарды табуға, кезекті – тәуліктік тапсырмаларын орындауды қамтамасыз ету, мамандық білімінің деңгейін тұрақты көтеруге, мәдениет және спорт шараларында белсенді қатысуға.
- 12.1.4 Жұмыс берушінің мүлігіне қамқорлықпен қарауға, Жұмыс берушінің мүлігін бұзып немесе жоғалтып алып көрсетілген зиян үшін, және Қызметкердің әрекетінің (әрекет жасамауының) нәтижесінде туған зиян үшін Жұмыс берушінің алдында материалды жауапты болуға.
- 12.2 Жұмыс беруші міндетті:**
- 12.2.1 Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде, «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген кәсіподақ комитетінің құқықтарын сақтауға және ұжымдық шартқа сәйкес кәсіподақ комитетінің пікірін ескере отырып шешімдер қабылдауға, онымен жергілікті нормативтік актілерді қабылдауды келісуге.  
Қызметкерлер мен жұмыс беруші «ПЗТМ» АҚ-ның Кәсіподақ комитеті Еңбек, экономикалық және әлеуметтік қатынастармен байланысты мәселелерде Қоғам қызметкерлерінің құқықтары мен мүдделерінің айрықша өкілі және қорғаушысы деп таниды.  
Сайланбалы кәсіподақ органдарының құқықтары және олардың қызметінің кепілдіктері Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен, «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, «Қазақстан Республикасының машина жасау қызметкерлерінің кәсіптік одағы» ҚБ Жарғысымен – «ПЗТМ» АҚ кәсіподақ ұйымы» Ережемен, Қазақстан Республикасының машина жасау және қорғаныс өнеркәсібінің 2020-2022 жылдарға арналған салалық келісімімен және ұжымдық шартпен айқындалады.
- 12.2.2 Профкомға үй-жайларды, ішкі, желілік және қалааралық байланыс құралдарын, ұйымдастыру техникасын тегін пайдалануға беру, Профкомға бекітілген үй-жайларды жинауды қамтамасыз етуге.
- 12.2.3 Қоғам кәсіподақ комитетінің мүшелерін, еңбек қорғау бойынша техникалық инспекторларды, бөлімшелердің кәсіподақ комитеттерінің төрағалары, Қоғам әйелдер кеңесінің төрағасын және Қоғамның жастар ұйымының көшбасшысы ұжымның мүддесіне қатысты қоғамдық міндеттерге, съезд, конференция жұмысына қатысу, қысқа мерзімді кәсіподақ оқуда болу мерзіміне және кәсіподақ комитетінің басқа шараларына қатысу мерзіміне орта еңбекақысын сақтап, еңбек міндеттерін орындаудан босатуға.
- 12.2.4 Еңбек міндеттерін орындаудан босатылмаған бөлімшелер кәсіподақ комитетінің төрағаларына, Қоғамның әйелдер кеңесінің төрағасына және Қоғамның жастар ұйымының басшысына Кәсіподақ комитетінің ұсынысы бойынша, ұзақтығы 3 күнге дейін, қосымша ақылы демалыс беруге.
- 12.2.5 Кәсіподақ комитетінің құрамына сайланған, негізгі жұмыстан босатылмаған Қызметкерлермен Жұмыс берушінің ынтасы бойынша, Кәсіподақ комитетінің ынталандыру пікірін сепке ала отыра еңбек шартын бұзудың жалпы тәртібін сақтағанда еңбек шартын бұзуға жол беріледі, Қоғам толық жойылған немесе Қызметкер заңнамада еңбек шартын бұзу мүмкіндігі қарастырылған құқыққа қарсы әрекеттер жасаған жағдайлардан басқа.
- 12.2.6 Кәсіподақ мүшелері - қызметкерлердің жазбаша өтініштері болған жағдайда қызметкерлердің жалақысынан 1% мөлшерінде мүшелік кәсіподақ жарналарын ай сайын қолма-қол ақшасыз ұстауды қамтамасыз ету. Ұжымдық шартқа қосылған кәсіподақ мүшелері емес Қоғам қызметкерлерінің жазбаша өтініші бойынша

олардың жалақысының 1% мөлшерінде ынтымақтастық жарналарын ұстап қалуға.

Қызметкерлердің еңбекақысынан Мүшелік кәсіби жарнаны және ынтымақтастық жарнаны ұстап қалу және оларды Кәсіподақ комитетінің есебіне аудару еңбек ақыны төлеумен қатар жүргізілсін.

- 12.2.7 Кәсіпорында қаржы болған жағдайда «Қазақстан Республикасы машина жасау қызметкерлерінің кәсіподағы» ҚБ ЦС шотына, еңбек қауіпсіздігі және қорғау жөніндегі республикалық салалық байқаулар, кәсіби шеберлер конкурстарын ұйымдастыру үшін еңбекақы қорынан 0,2% аударылсын.
- 12.2.8 Кәсіподақ комитетінің Төрағасы кеңесші дауы құқығымен Қоғам Қызметкерлерінің әлеуметтік – еңбек ынталарын қозғайтын және олардың өндірістік қызметтерінің нәтижелеріне қатысты мәселелерді талқылаумен құрылымдық бөлімшелер басшыларының деңгейінде басқару кеңестерде қатысуды қамтамасыз етуге.
- 12.2.9 Өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін Ұйымда жұмыстан босатылған кәсіподақтың сайлаулы Қызметкерлеріне бұрынғы жұмыс орнын, лауазымын не, келісімі бойынша, басқа тең жұмысты ұсынуға.
- 12.2.10 Кәсіподақ комитетіне оның сұранымы бойынша еңбекке және Қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуына байланысты мәселелері бойынша ақпаратты беруге, сонымен бірге:
- Қоғам Қызметкерлерінің көпшілігінің экономикалық және әлеуметтік – еңбек мүддесіне қатысты Қоғамның жалпы (бөліктерінде) маңызды ұйымдастырушылық өзгерістері туралы (қайта құру немесе жою);
  - Қоғам Қызметкерлерінің көпшілігінің еңбек жағдайларының өзгерістеріне апаратын маңызды технологиялық өзгерістер туралы;
  - жылдық және айлық өндірістік жоспарлары және олардың орындалуы туралы;
  - қызметкерлер құрамының еңбегін төлеу және жағдайлары туралы, Қоғамның келешекті даму жоспарлары, қаржылар жағдайы туралы.

### **12.3 Кәсіподақ комитеті міндетті:**

- 12.3.1 Кәсіподақ мүшелерінен:
- еңбек шарттарға сәйкес еңбек міндеттерін адал ниетпен орындауды;
  - «ПЗТМ» АҚ қызметкерлерінің ішкі еңбек тәртіптемесі ережелерін сақтауды;
  - еңбек қауіпсіздігі және қорғау талаптарын сақтауды;
  - белгіленген еңбек нормаларын орындауды талап етуге.
- 12.3.2 Жұмыс беруші Ұжымдық шартты орындаған жағдайда еңбек дауларын және жұмыстың тоқтауын болдырмауға міндетті.
- 12.3.3 Қызметкерлердің арасында еңбек тәртібін бекіту, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің, Ұжымдық шарттың, еңбек шарттарының ережелерін сақтауға бағытталған жұмысты өткізуге. Өндірістік, еңбек тәртіпті бұзушыларға шыдамайтын жағдайларды құруды қамтамасыз етуге. Кәсіподақ комитетінің мүшелері болатын өндірістік, еңбек тәртіпті бұзушыларға қатысты қоғамдық кінә шараларын қолдануға.
- 12.3.4 Кәсіподақ комитеттеріне тән әдістерімен және амалдарымен Қоғамның нәтижелі жұмысына көмектесуге.
- 12.3.5 Ұжымдық шарттың жағдайларын орындау, еңбек заңнамасын сақтау бойынша бақылауды жүзеге асыруға.
- 12.3.6 Қызметкерлерге көрсетілетін әлеуметтік қызметтерге, кепілдіктерге және жеңілдіктерге бөлінетін қаржының көлемінің өсуіне, табыстарының көбеюіне қамтамасыз етуге әрекет жасауға.

### **12.4 Кәсіподақ комитетінің құқығы бар:**

- 12.4.1 Еңбек заңнамасының, еңбекті қорғау жөніндегі ережелердің сақталуын, Ұжымдық шарттың орындалуын, сондай-ақ қоғам бөлімшелері қызметкерлеріне әлеуметтік-

тұрмыстық қызмет көрсетудің жай-күйін бақылауды жүзеге асыру үшін:

- бөлімшедегі барлық жұмыс орындарына кедергісіз баруға;
- Қоғам қызметкерлерінің еңбек жағдайлары мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тәуелсіз сараптама жүргізуге;
- өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіптік ауруларды тексеруге қатысу;
- Қоғам бөлімшелерінің басшылары мен өзге де лауазымды тұлғаларынан еңбек жағдайларының жай-күйі, жарақаттану деңгейі, кәсіби сырқаттанушылық, еңбекті және денсаулықты қорғау жөніндегі іс-шаралардың орындалуы туралы ақпарат алуға;
- еңбекті қорғау туралы заңнаманы, Ұжымдық шарт міндеттемелерін бұзуға байланысты ұжымдық еңбек дауларын медиация рәсімін жүргізу тәртібімен реттеуді жүзеге асыруға;
- қажет болған жағдайда, қоғам басшылығына еңбек заңнамасының, Ұжымдық шарттың және еңбек құқығы нормаларын қамтитын өзге де актілердің бұзылуына кінәлі лауазымды тұлғаларды тәртіптік жауапкершілікке тарту, өндірістегі жазатайым оқиғалар фактілерін жасыру туралы ұсыныстар енгізуге.

- 12.5 Ұжымдық шартқа сәйкес, босатылған (штаттық) кәсіподақ комитетінің қызметкерлері, Кәсіподақ комитетінің ұйымының бірінші мүшесіне сайланғандар (делегат етіп жіберілген) Қоғамның басқа Қызметкерлері сияқты әлеуметтік кепілдіктермен және жеңілдіктермен қолданады.

### **13. ҰЖЫМДЫҚ ШАРТҚА ҚОЛ ҚОЙҒАН ТАРАПТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІГІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТЕРІН БАҚЫЛАУЫ**

- 13.1 Ұжымдық шартқа қол қойған тараптар өз өкілеттігі шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның жүзеге асырылуы үшін жауапты және Ұжымдық шартқа енген міндеттемелердің орындалуына, Ұжымдық шартты орындау барысында пайда болған проблемаларды әлеуметтік серіктестік, ынтымақтастық, өзара сыйластық принциптерінде шешуге жәрдем көрсетуге міндетті.
- 13.2 Кәсіподақ комитеті Жұмыс берушінің қызметімен ниеттес және атқарушы билік органдарында, қала мен облыстың өкілдік органдарында, сондай-ақ жоғары тұрған ұйымдарда «ПЗТМ» АҚ мүддесін қолдайды.
- 13.3 Тараптар:**
- 13.3.1 Өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.
- 13.3.2 Мына мәселелерді қарастырады, талқылайды және келісілген шешімдерді қабылдайды:
- еңбек қорғау;
  - еңбек тәртібін нығайту;
  - әлеуметтік қажеттіліктерге қаражат бөлу және шығындау;
  - Қызметкерлерге әлеуметтік кепілдіктерді белгілеу;
  - жұмыстағы табыс және ерекше еңбегі үшін Қызметкерлерді көтермелеу және марапаттау;
  - спортты және мәдениетті дамыту;
  - жастармен жұмыс жүргізу;
  - жұмыспен қамтамасыз ету;
  - қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру;
  - әлеуметтік-экономикалық сипаттағы басқа проблемалар.
- 13.3.3 Әлеуметтік бейбітшілікті сақтауға ұмтылады, Ұжымдық шарт әрекет жасаған кезінде ереуілдерден бас тартады.
- 13.3.4 Қоғамның экономикалық қауіпсіздігін және жасырын ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету бойынша Қоғаммен белгіленген талаптарды сақтайды.

- 13.3.5 Еңбек міндеттерін орындауға байланысты белгілі болған қызметтік, саудалық немесе заңмен қорғалатын басқа құпия құратын мағлұматты жарияламауға міндетті.
- 13.3.6 Қоғамға, оның мүлігіне, қаржылық жағдайына зиян келтіретін әрекет жасамауға міндеттенеді.
- 13.4 Осы Ұжымдық шарттың орындалуын бақылау, оған толықтырулар мен өзгерістерді енгізу әлеуметтік серіктестік және әлеуметтік еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі комиссиясы жүзеге асырады (№ 11 қосымша).

#### **14. ҰЖЫМДЫҚ ШАРТТЫ ОРЫНДАМАҒАН ҮШІН ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

- 14.1 Ұжымдық шартпен қарастырылған міндеттемелерін орындамаған үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тараптар жауапкершілік атқарады.
- 14.2 Ұжымдық шарттың тарабы басқа тараппен осы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған туралы талаппен сотқа жүгінуге құқықты.
- 14.3 Өңдеумен, сақтаумен, сатумен (жіберумен), тасымалдаумен немесе оған тапсырылған құндылықтарды өндіріс барысында қолдануға байланысты қызмет алып отырған немесе жұмыстарды орындап жүрген қызметкерлер толық материалды жауапкершілік туралы жазбаша шарттарды жасауға міндетті.
- 14.4 Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен, Ұжымдық шартпен және еңбек шартымен қарастырылған міндеттерді орындамайтын Қызметкерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған әсер шаралары қолданады.

#### **15. ҰЖЫМДЫҚ ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНУ МЕРЗІМІ**

- 15.1 Ұжымдық шарт қол қойған күннен күшке енеді және 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейін әрекет етеді.
- 15.2 Ұжымдық шарттың қолдану мерзімдерін созу туралы немесе Ұжымдық шарттың әрекет етуінің аяқталуына 3 айдан кем емес уақыт қалғанда жаңаны қолдау туралы мәселені талқылауға тараптар міндеттенеді.  
Басқа тарап жағынан Ұжымдық шартты жасау бойынша келіссөздің басталу туралы ұсыныспен ескерту хат алған тарап он күндік мерзімде оны қарастыруға және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен қарастырылған тәртіпте келіссөзге көшуге міндетті.

#### **16. ҰЖЫМДЫҚ ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ**

- 16.1 Ұжымдық шарт тек қана тараптардың өзара келісімі бойынша ұзартылады, өзгертіледі, толықтырылады.
- 16.2 Ұжымдық шартты қолдану мерзімі ішінде тараптардың бірі қабылданған міндеттемелерді өзгерте не орындалуын тоқтата алмайды.
- 16.3 Ұжымдық шартқа өзгертулер не толықтырулар ұжымдық келіссөз өткізілмей, өзара кеңестерде, әлеуметтік серіктестік және әлеуметтік, еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі комиссиясында қарастырылғаннан кейін, ұжымдық шартқа қосымша келісім түрінде рәсімделетін, оның ажыратылмас бөлігі болып табылатын ортақ құжатқа тараптар қол қою жолымен енгізіледі және Қызметкерлерге мәлімденеді.

#### **17. ҰЖЫМДЫҚ ШАРТПЕН ТАНЫСТЫРУ ТӘРТІБІ**

- 17.1 Жұмыс беруші ұжымдық шарттың мәтінімен, қол қойылғаннан кейін 30 күн ішінде, Қызметкерлерді таныстыратыны жайлы тараптар келіскен. Бұл үшін

оның саны көбейтіліп, Қоғамның барлық бөлімшелеріне таратылуы тиіс.

- 17.2 Жұмысқа қабылданатын тұлғаны Ұжымдық шартпен Қоғамның кадрлар бөлімі Еңбек шарт жасағанда таныстырады.
- 17.3 Кәсіподақ органы қызметкерлерге шарттың ережелерін түсіндіруге, олардың ұжымдық шартқа негізделген құқықтарын жүзеге асыруда жәрдем көрсетуге міндеттенеді.

## 18. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 18.1 Ұжымдық шартты қолдану мерзімінде қабылданған және Қызметкерлердің жағдайын жақсартатын Қазақстан Республикасының заңдары мен басқа нормативті актілері, күшіне енген кезден бастап ұжымдық шарттың тиісті ережелерінің қолданылуын кеңейтеді.
- 18.2 Қызметкерлердің жағдайын нашарлататын нормативті құқықтық актілері қабылданған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайсы келмейтін болса, Ұжымдық шарттың талаптары сақталады.
- 18.3 Ұжымдық шарт Қоғамның қайта құру кезеңіне (қосылу, жалғастыру, бөлу, айыру, жаңарту) өз әрекетін сақтайды.
- 18.4 Қоғам мүлігінің иесінің ауысу кезінде Ұжымдық келісімнің әрекеті үш айға сақталады. Осы кезеңде тараптар жаңа ұжымдық келісім жасауға немесе әрекет етіп жатқанды сақтау, өзгерту және қосымшаларды енгізу туралы келіссөзді бастауға құқықты.
- 18.5 Қоғамды жойғанда, оны банкрот деп жариялағанда барлық Қызметкерлермен еңбек келісімдерін тоқтатқан кезден Ұжымдық келісім әрекетін тоқтатады
- 18.6 Ұжымдық шарттың орындалуын оған қол қойған 2 тарап бақылайды. Ұжымдық шарттың орындалуы жылында 1 рет әлеуметтік серіктестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі комиссияда, нәтижесі еңбек ұжымдарына хабардар етіліп, кәсіподақ комитетінің кеңейтілген мәжілісінде қарастырылады.
- 18.7 Тараптар бір-біріне, сұраныс жасалған мәселелер бойынша, Ұжымдық шартты орындау барысына қатысты толық және уақытылы ақпаратты Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптарын сақтап ұсынады.
- 18.8 Тараптар ұжымдық шартты қолдану мерзімінде, жұмыс беруші оның ережелерін орындаса, Қызметкерлер еңбек және әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша жаңа талаптар қоймайтыны және жұмыс берушіге қысым көрсету құралы ретінде жұмысты тоқтатпайтыны (ереуіл) туралы келісімге келді. Міндеттеме бұзылған жағдайда, жұмыс беруші оған қатысушыларға еңбек тәртіптемесінің бұзушыларына көзделген нормаларды қолдануға хақылы.
- 18.9 Ұжымдық шарттың орындалуын оған қол қойған екі тарап бақылайды. Тараптар жыл сайын Ұжымдық шарттың орындалуы туралы кәсіпорынның кәсіподақ активінің жиналысында есеп береді. Ұжымдық шартқа қол қойған тараптардың бірінші тұлғалары есеп береді. Кәсіподақ комитеттерінің төрағалары есеп мәліметтерін өз бөлімшелерінің қызметкерлеріне мәлімдейді.
- Кәсіподақ комиссиялары тексеріс өткізеді және ұжымдық шартты орындау барысы мен нәтижесі туралы ақпаратты әкімшіліктен белсенді сұрайды. Мәжілістерде шарттың ережелерін орындау барысы туралы әкімшілік тыңдалады.
- 18.10 Ұжымдық шарт екі данада мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалған: бір дана Қоғамның қызметкерлермен жұмыс істеу бөлімінде; екінші дана «ПЗТМ» АҚ Кәсіподақ комитетінде сақталады.





2020-2022 жж.  
«ПЗТМ» АҚ  
Ұжымдық  
шартына  
**№1- қосымша**

**«Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ  
Қызметкерлеріне арналған еңбек тәртіптемесінің  
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

«ПЗТМ» АҚ Қызметкерлеріне арналған осы «Еңбек тәртіптемесінің Ережелері» Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің, Кәсіпорынның «Кадрлармен жұмыс жүргізу Тәртібі» Стандартының негізінде әзірленген.

«ПЗТМ» АҚ Қызметкерлерінің Еңбек, Ұжымдық шарттарымен, осы «Ережелермен» реттелмеген не толық реттелмеген еңбек жағдайы Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі немесе Қазақстан Республикасының басқа нормативті актілерімен белгіленеді.

## **1. Жұмысқа қабылдау**

1.1. Жұмысқа қабылдау бос орын болған жағдайда, еңбек қызметін, білімін, біліктілігі мен кәсіби дайындығын растайтын және Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 32-бабында көзделген басқа құжаттар зерделенгеннен кейін кадрлар бөлімімен жүзеге асырылады. Жеке мамандықтар бойынша, біліктілік деңгейін растау үшін, үміткерлер сынау мақсатымен білікті жұмысты орындайды.

Кадрлар бөлімі, ұсынылған құжаттарды зерделеу, әңгімелесу, сондай-ақ сынау мақсатымен орындалған жұмысты бағалау нәтижесі бойынша үміткерді жұмысқа қабылдаудан бас тартуға хақылы.

Жұмысқа қабылдау туралы ақырғы шешім кандидат қызметкерлердің аталған санатына тапсырыс берген бөлімше не қызмет басшысымен әңгімелесуден өткеннен және медициналық комиссиясының аталған мамандық (лауазым) бойынша жұмысқа жіберу туралы оң шешімінен кейін қабылданады.

1.2. Жұмысқа қабылдау Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 28-бабына сәйкес әзірленген нысан бойынша екі данада еңбек шартын жасасумен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес "мемлекеттік құпияларға рұқсат беру туралы шартты" (еңбек шартына қосымша) жасасумен ресімделеді.

Кәсіпорынға қабылданатын қызметкерлер еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, өндірістік санитария бойынша кіріспе нұсқамадан белгіленген тәртіппен, өткізу режимінің ережелерімен өтеді, ұжымдық шартпен, осы Қағидалармен және Кәсіпорынның корпоративтік ішкі құжаттарымен танысады.

Оқушылар ретінде қабылданатын қызметкерлермен еңбек шартына қосымша Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 118-бабында көзделген шарттарды қамтитын «Практикалық кәсіптік даярлауға арналған шарт» жасалады.

Жұмысқа қабылдау жасалған еңбек шарты негізінде шығарылатын жұмыс берушінің бұйрығымен ресімделеді. Бұйрықпен танысу қызметкердің қолымен куәландырылады.

Қызметкердің еңбек шартының өз данасын алуы жұмыс берушіде сақталатын еңбек шартының данасында жазбаша нысанда расталады.

1.3. Еңбек шартын қолдану мерзімі Еңбек шартында көрсетілген жұмыс басталу күнінен басталады. Аталған күні Қызметкер еңбек міндеттерін орындауды бастауға, ал Жұмыс беруші оған жұмыс ұсынуға міндетті.

1.4. Қызметкер біліктілігінің тапсырылатын жұмысқа және еңбек шартында айқындалған талаптарға сәйкестігін тексеру мақсатында ұзақтығы 3 айға дейінгі сынақ мерзімі белгіленуі мүмкін. Бас директордың орынбасарлары, Бас бухгалтер және оның орынбасарлары үшін сынақ мерзімі алты айға дейін ұзартылуы мүмкін.

Қызметкер жұмыста іс жүзінде болмаған кезеңге сынақ мерзімі тоқтатыла тұрады.

1.4.1. Сынақ мерзімі кезінде Қызметкердің жұмыс нәтижесі қанағаттандырмаса,

Жұмыс беруші Қызметкер сынақ мерзімінен өтпеді деп тануға негіз болатын себептерді атап көрсетіп, жазбаша түрде хабарландырып Еңбек шартын бұзуға хақылы.

Сынақ мерзімі аяқталғаннан кейін және Еңбек шартын бұзу туралы жазбаша хабарлама болмаса, Қызметкер сынақ мерзімінен өтті деп саналады.

- 1.5. Қызметкермен Еңбек шарты жасалғанда, оның тікелей басшысы міндетті:
- қызметкерді еңбек жағдайын белгілейтін ережелермен, бөлімшенің ішкі еңбек тәртібімен (жұмыс және демалыс режимімен), лауазымдық нұсқаулықпен таныстыруға;
  - жұмыс орнын белгілеп, учаске, бюро ұжымымен таныстыруға;
  - белгіленген тәртіпте еңбек қауіпсіздігі және қорғау, өндіріс санитариясы бойынша нұсқаулық өткізуге міндетті

## **2. Қызметкердің құқықтары мен міндеттері**

- 2.1. «ПЗТМ» АҚ Қызметкері – кәсіподақ мүшесі Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінде көзделген барлық құқықтар және жеңілдіктермен пайдаланады.
- 2.2. «ПЗТМ» АҚ қызметкері міндетті:
- 2.2.1. Еңбек, Ұжымдық шарттарға, Жұмыс берушінің актілеріне сәйкес еңбек міндеттерін адал ниетпен орындауға, жұмыс уақытын өнімді еңбек үшін пайдалануға, басқа Қызметкерлердің өз еңбек міндеттерін орындауға кедергі болатын әрекеттерге жол бермеуге, жұмыс алдында, жұмыс соңында бөлімшедегі жұмыс уақытын есепке алатын жауапты адамда жұмысқа келіп-кетуін белгілеуге
- 2.2.2. Ішкі еңбек тәртібі ережелерін сақтауға, Жұмыс беруші мен қызметкерлерге мүліктік залал келтіретін әрекеттер жасамауға
- 2.2.3. Орындалатын жұмыс сапасын қамтамасыз етіп, белгіленген еңбек нормаларын орындауға
- 2.2.4. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі және өндірістік санитария жөніндегі нормалар, ережелер мен нұсқаулықтар талаптарын, сондай-ақ жұмыс берушінің жұмысты қауіпсіз жүргізу жөніндегі талаптарын сақтауға.
- 2.2.5. Жұмыс беруші ұсынған жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарын мүлтіксіз қолдануға және мақсатқа сай пайдалануға.
- 2.2.6. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен міндетті алдын ала және мерзімді медициналық тексеруден, сондай-ақ ауысым алдындағы, ауысымнан кейінгі және өзге де медициналық куәландырудан өтуге.  
Жұмыс берушінің талабы бойынша жұмыс берушінің актісінде көзделген жағдайларда, сондай-ақ басқа жұмысқа ауысқан кезде профилактикалық медициналық тексеруден өтуге.
- 2.2.7. Қызметкерлердің әрбір өндірістік жарақаты және денсаулығының өзге де зақымдануы, кәсіптік ауру (улану) белгілері, өндірісте болған әрбір жазатайым оқиға туралы, адамдардың өмірі мен денсаулығына, жұмыс беруші мен қызметкерлер мүлкінің сақталуына қатер төндіретін туындаған жағдай туралы, сондай-ақ бос тұрып қалу туындағаны туралы жұмыс берушіге және өзінің тікелей басшысына дереу хабарлауға.
- 2.2.8. Еңбек міндеттерін жалғастыруға кедергі келтіретін мүгедектікті белгілеу немесе денсаулық жағдайының өзге де нашарлауы туралы жұмыс берушіге хабарлауға.
- 2.2.9. Мемлекеттік еңбек инспекторының, еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектордың, ішкі бақылау мамандарының талаптарын және медициналық

- мекемелер белгілеген емдеу және сауықтыру шараларын орындауға.
- 2.2.10 Жұмыс беруші белгілеген және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте еңбек қорғау және қауіпсіздігі бойынша оқудан, нұсқаулықтан және білім тексеруден өтуге.
  - 2.2.11 Еңбек тәртібін сақтауға.
  - 2.2.12 Тәртіп этикасын сақтауға, басқа Қызметкерлерді қорлауға және кемсітуге жол бермеуге.
  - 2.2.13. Еңбек міндеттерін орындауға байланысты өзіне ғана мәлім болған мемлекеттік, қызметтік, коммерциялық не заң қорғайтын басқа құпияларды жарияламауға.
  - 2.2.14. Жұмыс беруші мен қызметкерлердің мүлкіне ұқыпты қарау. Жұмыс берушіге келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекте өтеуге.
  - 2.2.15. Өз жұмыс орнын, жабдық пен құралдарды дұрыс, таза түрде ұстауға, бөлімше мен кәсіпорын аймағында тазалық сақтауға міндетті.
  - 2.3. Әр Қызметкердің өз мамандығы, біліктілігі, лауазымы бойынша орындайтын міндеттер аясы Еңбек шартымен, лауазымдық нұсқаулығымен белгіленеді.

### **3. Жұмыс уақыты және демалыс уақыты**

- 3.1. Қызметкер, еңбек шартының талаптарына, белгіленген «ПЗТМ» АҚ бөлімшелерінің Еңбек жұмыс тәртібіне (Ұжымдық шартқа № 2 қосымша) немесе кезек кестесіне сәйкес өз еңбек міндеттерін тікелей жұмыс орнында орындайтын уақыт жұмыс уақыты болып саналады.
- 3.2. Жұмыс аптасының, жұмыс күнінің ұзақтығы және жұмыс уақытының тәртібі Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексімен белгіленген нормаларға сай жыл сайын жетілдіретін күнтізбе – табелінде, «ПЗТМ» АҚ бөлімшелерінің Еңбек жұмыс тәртібінде белгіленеді.  
Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген демалыс және мереке күндері жыл сайын әзірленетін Күнтізбе – табелінде белгіленеді.
- 3.3. Жұмыс беруші «ПЗТМ» АҚ Кәсіподақ комитетімен келісім бойынша, жыл бойы күнтізбе - табеліне жұмыс аптасының, жұмыс айының ұзақтығына, жұмыс және демалыс күндерін ауыстыруға қатысты өзгерістер енгізуі мүмкін.

### **4. Демалыс**

Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы қызметкердің тынығуына, жұмыс қабілетін қалпына келтіруіне, денсаулығын нығайтуына және өзге де қажеттіліктеріне арналған және қызметкерлерге жұмыс орны (лауазымы) мен орташа жалақыны сақтаумен беріледі.

- 4.1. Қызметкерлерге ұзақтығы күнтізбелік жиырма төрт күн жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы беріледі.
- 4.2. Қызметкерлерге зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайлары, үздіксіз жұмыс өтілі үшін және басқа қосымша демалыстар қосымша ақысы төленетін еңбек демалыстары ҚР Еңбек кодексіне және Ұжымдық шартқа сәйкес беріледі.
- 4.3. Алғашқы және кейінгі жұмыс жылдары үшін ақылы жыл сайынғы еңбек демалысы тараптардың келісімі бойынша жылдың кез келген уақытында беріледі.

Жұмыс жылы он екі күнтізбелік айдан тұрады, Қызметкердің бірінші жұмыс күнінен саналады.

- 4.4. Қызметкерлерге еңбек демалысын беру мерзімі олардың демалысқа ай сайын бір қалыпты шығуын көздейтін демалыс кестесімен реттеледі. Егер Қызметкердің демалыс алған уақыты кәсіпорынның өндірістік қызметіне зиян тигізетін болса, сонымен қатар Қызметкердің отбасындағы жағдайларға байланысты, Қызметкердің жазбаша түрде берілген келісімімен демалыс басқа уақытқа жылжытылады не келесі жұмыс жылы үшін тиісті еңбек демалысқа қосылып беріледі. Еңбек демалысын екі жыл қатарынан бермеуге тыйым салынады.
- Қызметкер мен Жұмыс берушінің келісімі бойынша жыл сайынғы еңбек демалысты бөліп беруге болады. Сонда жылсайынғы ақысы төленетін еңбек демалысының бір бөлігі қызметкердің еңбек шартында қарастырылған демалыс ұзақтылығынан екі күнтізбелік аптадан кем болмау керек.
- 4.5. Жыл сайынғы ақысы төленетін еңбек демалыс Қызметкердің жазбаша келісімі бойынша Жұмыс берушімен тоқтатылуы мүмкін. Шақырып алуға байланысты пайдаланылмаған еңбек демалыстың бөлігі тараптардың келісімі бойынша ағымдағы жыл ішінде немесе келесі жұмыс жылы, кез келген уақытта беріледі не келесі жұмыс жылы үшін тиісті жыл сайынғы еңбек демалысқа қосылады. Демалыстың пайдаланылмаған бөлігін басқа уақытта берудің орнына, Қызметкер мен Жұмыс берушінің келісімі бойынша, еңбек демалысының пайдаланылмаған бөлігі үшін өтемақы төленеді.
- Қызметкер Жұмыс берушінің ұсынысынан бас тарту еңбек тәртібін бұзған деп саналмайды.
- Кәмелеттік жасқа толмаған қызметкерлер, жүкті әйелдер және ауыр, зиянды (аса зиянды) және (немесе) қауіпті еңбек жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлер еңбек демалысынан шақыртылмайды.
- 4.6. Қызметкер жазған өтініш негізінде оған, Еңбек Кодексінің және тараптардың келісімі бойынша, белгіленген ақысыз демалыс беріледі.

## **5. Қызметкерді басқа жұмысқа, басқа жұмыс орнына ауыстыру**

Жұмыс берушінің тарапынан Қызметкерді басқа жұмысқа ауыстыру, өндірістік қажеттілікке, жұмыстың тоқтап қалуына, қызметкердің денсаулығына байланысты басқа жұмысқа уақытша ауыстыру, қызметкерді басқа жұмыс орнына ауыстыру Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 38, 41, 42-45 баптарында көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

Жұмыс берушінің тарапынан басқа жұмысқа, жұмыс орнына, құрылымдық бөлімшеге ауыстыру Қызметкер жазған өтініш негізінде кәсіпорынның «Кадрлармен жұмыс жүргізу тәртібі» кәсіпорын Стандартында көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

## **6. Жұмыстан босату**

- 6.1. Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 48 бабына сәйкес Жұмыс беруші жұмыстан босатуға негіз болған себептер анықталған және (немесе) жойылған мерзімге дейін Қызметкерді жұмыстан босатуға міндетті:
- 6.1.1. Тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар актілерінің негізінде.

- 6.1.2. Жұмыста мастық күйде, есірткіш, токсикомандық әсерінде болған, соның ішінде аталған әсер тудыратын заттарды қабылдаған немесе жұмыс күні ішінде сондай мастыққа әкелетін заттарды қабылдағанда.
- 6.1.3. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау немесе өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша білімін тексеру бойынша емтихан тапсырмаған.
- 6.1.4. Жұмыс беруші берген жеке және (немесе) ұжымдық қорғану құралдарын пайдаланбайтын адам.
- 6.1.5. Медициналық тексеруден не ауысым алдындағы медициналық куәландырудан өтпеген адам, егер олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті болып табылса.
- 6.1.6. Егер оның әрекеттері немесе әрекетсіздігі авариялық жағдайларға, еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі не көліктегі қозғалыс қауіпсіздігі ережелерін бұзуға әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса.
- 6.1.7. Қызметкер көлік құралын басқару құқығынан немесе еңбек шартында келісілген жұмысты орындау үшін қажетті басқа да рұқсаттардан айырылған жағдайда.
- 6.2. Жұмыстан босатылған мерзімде Қызметкердің жалақысы сақталмайды және Жұмыс берушінің қаражатынан уақытша жұмысқа жарамсыздық үшін жәрдемақы төленбейді.  
Жұмысшыны жұмыстан босату Жұмыс берушінің актімен босату үшін себеп болған негіздерді анықтаған (немесе) жойған мерзімге дейін жүзеге асырылады.
- 6.2.1. Жұмыс беруші Қызметкерді жұмыстан заңсыз босатқан жағдайда, оның жалақысы сақталады.

## **7. Еңбек шартын бұзу/тоқтату**

- 7.1. Қызметкермен жасалған Еңбек шарты Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 49-61-баптарында көзделген негіздер бойынша және тәртіпте бұзылады/тоқтатылады.
- 7.2. Еңбек шарты Жұмыс берушінің тарапынан бұзылған жағдайда:
  - 7.2.1. Жұмыс беруші қызметкерлердің саны не штатының қысқаруына немесе Жұмыс берушінің жойылуына байланысты Еңбек шартын бұзу туралы Қызметкерді бір ай бұрын жазбаша түрде ескертуге міндетті. Қызметкердің жазбаша түрде берілген келісімі бойынша Еңбек шарты ескерту мерзімі аяқталғанға дейін бұзылуы мүмкін.  
Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша екі жылдан аз уақыт қалған қызметкерлермен еңбек шартын "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін бұзу жұмыс беруші мен қызметкерлер өкілдерінің тең санынан құрылған комиссияның оң шешімі болған кезде жүргізіледі.
  - 7.2.2. Еңбек Кодексінің 52 бабының 1 тармағының 8-13, 15, 16, 21-тармақшаларында көзделген негіздемелерге сәйкес Еңбек шартын бұзу Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 64 бабының және 65 бабының талаптарында көзделген тәртіптік жазалауды қолдану тәртібін сақтаумен жүзеге асырылады
  - 7.2.3. Еңбек шартын бұзу үшін Қызметкерге жұмыс берушінің шешімі негізінде жүргізіледі аттестациялық комиссия, оның құрамына қызметкерлер өкілі қатысуға тиіс. Сертификаттаудың тәртібі, шарттары мен жиілігі кәсіпорынның «Кадрлармен жұмыс тәртібі» Стандартымен реттеледі.

- 7.3. Еңбек шарты Қызметкердің тарапынан бұзылған жағдайда:
- 7.3.1. Қызметкер Жұмыс берушіні ҚР Еңбек Кодексінің 56 бабының 3 тармағында көзделген жағдайдан басқа жағдайда бір ай бұрын жазбаша түрде ескертіп, еңбек шартын бұзуға хақылы. Кадрлар бөлімі бастығының атына жазылатын еңбек шартын бұзу туралы өтініш, берілген күні бөлімшенің жұмыс уақытын пайдалануды есепке алу үшін жауапты тұлғасымен тіркеледі және тікелей бастығының қарауына «Кадрлармен жұмыс жүргізу тәртібі» кәсіпорынның стандартының талаптарына сәйкес шешім қабылдау үшін жіберіледі. Қызметкер мен Жұмыс берушінің келісімі бойынша еңбек шарты ескерту мерзімі аяқталғанға дейін бұзылуы мүмкін. Ескерту мерзімінің ішінде ол тараптардың келісімі бойынша шақыртылу мүмкін.
- 7.4. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 57 бабында белгіленген тараптардың еркінен тыс жағдайларға байланысты еңбек шарты тоқтатылады.
- 7.5. Белгіленген мерзімге жасалған еңбек шарты оның мерзімі өткесін тоқтатылады. Белгіленген жұмысты орындау уақытына жасалған еңбек шарттың өту күні болып жұмыс аяқталған күн болып саналады. Уақытша жоқ қызметкердің орнын уақытша баса тұруға жасалған еңбек шарттың өту мерзімі болып жұмыс орны (лауазымы) сақталған қызметкер жұмысқа шығу күні болып саналады.

## **8. Адал еңбек үшін көтермелеу шаралары және еңбек тәртібі мен еңбек тәртібінің Ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту**

- 8.1. «ПЗТМ» АҚ қызметкерлері жемісті өндірістік және қоғамдық қызметі үшін кәсіпорын алдындағы еңбегін мойындау белгісі ретінде еңбек ұжымдарының өтініші бойынша және кәсіподақ комитетінің келісімі бойынша ұжымдық шартқа және «ПЗТМ» АҚ персоналды ынталандыру туралы Ережеге сәйкес көтермеленеді.
- 8.2. Еңбек тәртібінің бұзушылығы болып саналады:
- қызметкер орынды себепсіз жұмыста болмауы;
  - жұмысқа кешігіп келу және жұмыс орнын ерте қалдыру;;
  - басшының рұқсатысыз жұмысқа басқа біреудің кезегінде шығу, жұмыс уақытында жұмыс орнын басшының рұқсатысыз қалдыру;
  - жұмыс уақытында мас, нашақорлық, токсикомандық әсерде болу, аталған күйге әкелетін заттарды жұмыс уақытында қабылдау,
  - осындай әсерге келтіретін заттарды аймаққа кіргізу;
  - басқа біреудің мүлкін ұрлау;
  - еңбек қатынасы саласындағы басшы өкімдерін орындамау;
  - еңбекті қорғау немесе өрт қауіпсіздігі не ауыр зардапқа, жарақатқа, апатқа әкелген не әкелуі мүмкін көлікпен жүру қауіпсіздігі ережелерін бұзу;
  - Еңбек шартына сәйкес Қызметкердің міндеттемелеріне келіспейтін басқа әрекеттер.
- 8.3. Еңбек тәртіптемесін бұзғандарға ҚР Еңбек Кодексінде көзделген тәртіптік жазалау шаралары қолданылады: ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс, Еңбек Кодексінің 52 бабына сәйкес Еңбек шартын бұзу.
- 8.4. Тәртіптік ықпал ету шараларымен қатар еңбек тәртібін бұзған қызметкерлерге кәсіпорында белгіленген еңбекақы төлеу туралы ережелерге сәйкес қоғамдық (еңбек ұжымының жиналысында теріс қылықтарды қарау) және материалдық ықпал ету шаралары, сондай-ақ ұжымдық шартқа сәйкес берілетін қосымша демалыстардың ұзақтығын азайту (зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыс үшін берілетін қосымша демалыстардан басқа) қолданылады.

Қызметкер жазалау мерзімінде (алты айға дейін) Ұжымдық шартта көзделген жеңілдіктерден айырылады.

- 8.5. Қызметкермен еңбек тәртіптемесін бұзу тәртіпсіздік мәнін, сипатын, ауыртпалығын, жағдайын, қызметкердің бұрынғы тәртібін, еңбекке қатысуын және басқа жеке мінездемесін есепке алып айып деңгейі мен жауапкершілігін анықтайтын бөлімшенің кәсіподақ ұйымымен бірлесіп бөлімше басшылығымен қарастырылуы тиіс.
- 8.6. Қызметкерге тәртіп жазасын қолданудан бұрын Жұмыс беруші Қызметкерден жазбаша түрде түсіндірме қағаз талап етуге міндетті. Қызметкердің жазбаша түрде түсіндірме беруден бас тартуы тәртіп жазасын қолдануға кедергі болмайды. Қызметкер жазбаша түрде түсіндірме беруден бас тартса тиісті акт жасалады.
- 8.7. Тәртіп жазасы тәртіп бұзуды анықтаған күннен бастап бір айдан ішінде қолданылады және тәртіпті бұзған күннен бастап алты ай өткеннен кейін қолданылмайды.
- 8.8. Тәртіп жазасын қолдану туралы бұйрық тәртіп жазасы қолданылатын қызметкерге үш жұмыс күн ішінде оның қол таңбасы қойылумен жарияланады. Қызметкер қол таңбаны қоюдан бас тартса, бұл туралы тәртіп жазасын қолдану туралы Бұйрықта тиісті жазу жазылады. Егер қызметкерді тәртіп жазасын қолдану туралы бұйрықпен таныстыратын мүмкіндік болмаса, Жұмыс беруші бұйрықты хабарландыру хатпен жіберуге міндетті.
- 8.9. Қызметкер демалыста, іссапарда болған, мемлекеттік не қоғамдық міндеттерді орындаған мерзімде, уақытша жұмысқа жарамсыздық мезгілінде тәртіп жазасын қолдану туралы бұйрық шығарылмайды.
- 8.10. Егер тәртіп жазасын қолданудан кейін алты ай ішінде қызметкерге қатысты жаңа тәртіп жазасы қолданылбаса, оның тәртіп жазасы жоқ деп саналады. Адал еңбек етіп, жоғары деңгейдегі тәртіпті қамтамасыз етсе қызметкерге тәртіп жазасын қолданған Жұмыс беруші өз тарапынан, қызметкердің не оның тікелей бастығының сұрауымен, кәсіподақ ұйымының қолдауымен тәртіп жазасын мезгілден бұрын алуы мүмкін.

## **9. Рұқсаттамалық тәртіп**

- 9.1. «ПЗТМ» АҚ қызметкерлерінің өтуі негізгі өту кәсіпорны арқылы тұрақты электронды рұқсаттамалар бойынша жүзеге асырылады. Рұқсаттамалар кәсіпорын қызметкерлерінде сақталады. Қызметкерлердің кәсіпорын аумағында «ПЗТМ» АҚ-ға тиесілігін куәландыратын рұқсаттамасыз болуына рұқсат етілмейді. Үшінші тарап ұйымдарының қызметкерлері мен жеке тұлғалар үшін тұрақты және уақытша рұқсатнамалар режим бөліміне міндетті түрде хабарлай отырып, кәсіпорын басшысының жазбаша рұқсаты бойынша беріледі. Рұқсаттаманы жоғалтқан жағдайда, рұқсаттаманың иесі кәсіпорынның ішкі қауіпсіздік қызметінің бастығына рұқсаттаманың жоғалуы орын алған жағдайларды баяндай отырып, дереу өтініш беруге міндетті. Ішкі қауіпсіздік қызметінің рұқсаттама бюросы рұқсаттаманы жоғалтудың әрбір жағдайы бойынша тексеру жүргізеді.
- 9.2. Қызметкерлердің жұмыс уақытында кәсіпорын аймағынан шығуы бөлімше басшысы қол қойып, бөлімше мөрімен расталған жұмыс уақытынан біржолғы ауытқуға уақытша рұқсаттамамен шығады, шыққанда уақытша рұқсаттама БӨО бақылаушысына тапсырылады.



9.3. Бар қызметкерлер:

- «тәуілік бойы кіруге болатын» кәсіпорынға тәуілік бойы бос кіруге және шығуға құқық береді;

- «күндіз кіруге болатын» - 8-00 дан 18 сағатқа дейін.

Тәуілік бойы және күндіз кіруге болатын рұқсаттама кәсіподақ басшысымен қол қойылған қызмет бабындағы хаттың негізінде рәсімделеді.

Белгіленген режимді бұзған адамдар (бөтен рұқсаттамамен, белгіленбеген үлгідегі рұқсаттамамен өтуге әрекет жасау немесе қызметкердің «ПЗТМ» АҚ-ға тиесілігін куәландыратын құжатсыз кәсіпорын аумағында болу) ұсталады оларға хаттамалар жасалады, олар шаралар қабылдау үшін МҚҚБ бөліміне және бөлімше басшыларына беріледі.

9.4. Кәсіпорында өткізу және объектінің ішкі тәртібінің бұзушылығын алдын алу мақсатында тыйым салынады:

- «ПЗТМ» АҚ қызметкерлері мен келушілерге кәсіпорынға жеке заттармен (түйіншектер, чемодандар, портфельдер, сөмкелер және т.б. заттармен) өтуге;

- кәсіпорын қызметкерлері кәсіпорын аумағында тек қабылдау және жауап беру қызметтері бар жеке пайдалану құралдарын (ұялы телефон) пайдалануға болады;

- кәсіпорын аймағына жарылғыш заттарды, кино-, фото-, радиоаппаратураны компьютерлерді, дискеталар мен флеш карталарды алып келуге тыйым салынады. Аумаққа кино-, фотоаппаратура және компьютерлермен кіруге тек қана кәсіпорын басшысының жазбаша рұқсатымен және МҚҚБ бөлімі хабарландырумен рұқсат етіледі;

- мастық, нашақорлық, токсикомандық күйге әкелетін заттарды кәсіпорын аймағына әкелуге және оларды кәсіпорын аймағында қабылдауға не кәсіпорын аймағында аталған күйде болуға тыйым салынады;

- «ПЗТМ» АҚ келушілері фото, бейне, интернет желісіне қосылу, есептеу техникасы құралдарына қосыл қызметтерімен жеке қолдану құралдарын кәсіпорын өтетін жерінің ішкі қауіпсіздік қызметінің БӨО бақылаушысына тапсыру керек.

## ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫ

Жұмыс беруші

Қызметкерлер

Бас директор  
Жуаспаев Азамат Елюбайұлы  
қолы \_\_\_\_\_



Кәсіподақ комитетінің төрағасы  
Зарубин Владимир Николаевич  
қолы \_\_\_\_\_



«Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ бөлімшелері жұмысының Еңбек тәртібі

Бөлімшелер	Жұмыс ауысымының басталуы, аяқталуы	Ауысымның ұзақтығы (сағат)	Түскі үзіліс
<b>1. Негізгі тәртіп бойынша бөлімшелер (01):</b> I ауысым II ауысым	08.00 - 17.00 16.30 - 01.00	8 8	12.00 - 13.00 20.0 - 20.30
<b>2. Тәртіп бойынша жұмыс істейтін бөлімшелер (02):</b> 400, 401, 402, 403, 407, 410,411, 436, 481, 482	08.30 - 17.30	8	12.30 - 13.30
<b>3. Ұжымдық шарттың 4.5, 4.7 т. бойынша жұмыс істейтін жұмысшылар.</b> I ауысым II ауысым			
<b>3.1.Энергослужба (421):</b> Сығымдағыш станциясының машинісі, ағынды суларды тазартудың машинісі, электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету бойынша оператор (ЦРБ), сантехникалық жүйелердің және жабдықтардың кезекшісі монтажшы, жылу желілерінің операторы	08.00 - 20.00 20.00 - 08.00	12 12	
<b>3.2. 150 учаскесі:</b> электр жабдықтарына қызмет көрсету және жөндеу бойынша электромонтері, слесір-жөндеуші.			
<b>3.3. № 1 ,3, 4 цехтар:</b> күзетші.			
<b>3.4 Ішкі қауіпсіздік қызметі (406)</b> жедел кезекші, жедел кезекшінің көмекшісі - ИТС технигі, БӨО бақылаушысы, күзетші.		12 12	
<b>4. Денсаулық сақтау орны (425):</b> Денсаулық сақтау орнының меңгерушісі. Кезекші медбике Санитар әйел	08.30-17.30 07.30-16.30 08.00-17.00	8 8 8	12.00-13.00 12.00-13.00 12.00-13.00

ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫ  
Жұмыс беруші

Бас директор  
Жуаспаев Азамат Едубайұлы  
қолы \_\_\_\_\_



Қызметкерлер

Кәсіподақ комитетінің төрағасы  
Зарубин Владимир Николаевич  
қолы \_\_\_\_\_



**Қосымша демалысқа, жұмыс уақытының ұзақтылығын қысқартуға және арттыратын еңбек ақының көлеміне құқылы жұмыстарда жұмыс істейтін зиянды (аса зиянды) еңбек жағдайларымен лауазымдардың және мамандықтардың ТІЗІМІ**

Т. №	Бөлімшелер, лауазымдар және мамандықтар атауы	Негізгі демалыстың ұзақтылығы, күнтізбелік күндер	Қосымша демалыстың ұзақтылығы, күнтізбелік күндер	Қысқартылған жұмыс уақытының ұзақтылығы, сағ.	Негізі: 02.02.2017 ж. «ПЗТМ» АҚ өндірістік объектілерінде еңбек жағдайларын бағалау бойынша тұрақты әрекет ететін орталық комиссияның мәжілісінің хаттамасы	Тізімге* сәйкес норма
					Қосымша төлеу пайызда (%)	
1	2	3	4	5	6	7
<b>№1 цех "Механикалық" (101)</b>						
1	Механикалық жинақтау жұмыстарының слесары (гидрожетек және олардың элементтерін МГЕ-10 майымен сынау жүргізу және даярлаумен айналысатын гидравлика учаскесі	24	12		14	18 тарау, 145 тармақ, 3 тармақша
2	Ажарлатқыш (кұрғақ тәсілмен)	24	12		10	5 тарау, 1031 тармақ, 1 тармақша

3	Ажарлаушы ( керосинді, бензинді, карборунд пастасын, зімпара қағазын, май мен Вена әкін қолдана отырып)	24	12		10	5 тарау, 1031 тармақ, 2 тармақша
4	Пісірудің барлық түрлерінің электргазпісіруші (бөлмеде жұмыс істегенде)	24	12		14	15 тарау, 14 тармақ, 4 тармақша
5	Араларда, қол араларда және станоктарда кесуші	24	6		10	4 тарау, 699
<b>№2 цех "Құрал - саймандық" (252)</b>						
1	Араларда, қол араларда және станоктарда кесуші	24	6		10	4 тарау, 699
2	Гальваншы (ванналарда)	24	6		10	14 тарау, 82 тармақ, 2 тармақша
3	Ұштаушы (құрғақ тәсілмен)	24	12		10	8 тарау, 29 тармақ
4	Пластмасса өндірісі бойынша машиналарды және автомат желілерді баптаушы	24	12		10	46 тарау, 111 тармақ
5	Пирометрист	24	6		10	8 тарау, 12 тармақ
6	Баспақшы-көрікші	24	12		10	46 тарау, 130 тармақ
7	Графиттік өнімдерді (бөлшектерді) өңдейтін жоңғыш	24	6		10	46 тарау, 151 тармақ
8	Термист	24	6		14	14 тарау, 78 тармақ
9	Ажарлатқыш (құрғақ тәсілмен)	24	12		10	5 тарау, 1031 тармақ
10	Ажарлаушы ( керосинді, бензинді, карборунд пастасын, зімпара қағазын, май мен Вена әкін қолдана отырып)	24	12		10	5 тарау, 1031 тармақ, 2 тармақша
11	Пісірудің барлық түрлерінің электргазпісіруші (бөлмеде жұмыс істегенде)	24	12		14	15 тарау, 14 тармақ, 4 тармақша

12	Керосин, май, сұйық шыны және т.б. сұйықтықтарды пайдаланып анодномеханикалық және электр ұшқын әдісімен металл бұйымдарын өңдеуші электроэрозионист	24	6		10	18 тарау, 157 тармақ
<b>№3 цех "Энергетикалық машина жасау" (128)</b>						
1	Нитросырды үнемі бүріккішпен жұмыс істейтін сырлаушы	24	12		10	16 тарау, 6 тармақ
2	Механикалық жинақтау жұмыстарының слесары (гидропневмосынаудың)	24	12		14	тізіммен қосымша демалыс қарастырылмаған
<b>№4 цех "Ұсталық - баспақтау" (107)</b>						
1	Жетекші инженер - технолог (ұсталық учаскесінде)	30			10	
2	Газкескіш (жұмыстарды бөлмеде істейтін)	24	12		10	15 тарау, 2 тармақ, 2 тармақша
3	Плазмалық қондырғыларда газкескіш	24	12		10	15 тарау, 2 тармақ, 2 тармақша
4	Зор балғаларда және баспада ұста (кұрғақ тәсілмен)	24	12		18	8 тарау, 29 тармақ
5	Аға шебер, шебер (ұсталық және дискілі аралар)	30				
6	Аға шебер (қалыптау және түрлі түсті құю)	30			10	
7	Графитті өнімдерді өңдейтін құрал – саймандық слесірі (бөлшектердің)	24	6		10	46 тарау, 151 тармақ
8	Слесір жөндеуші (ұсталық учаскесінде)	24	6		10	14 тарау, 68 тармақ
9	Зор балғаларда және баспаларда және манипуляторда машинист	24	12		14	14 тарау, 60 тармақ
10	Шебер (ұсталық және дискілі аралар)	30			10	

11	Суықтай қалыптау, газбен кесу, плазмамен кесу шебері	30			10	
12	Кран машинисті (ұсталық учаскеде)	24	12		10	46 тарау, 90 тармақ, 1 тармақша
13	Эл. жабдықтарын жөндеу бойынша эл.монтері (ұсталық учаскесінде)	24	6		10	14 тарау, 70 тармақ
<b>№5 цех "Құрастыру" (115)</b>						
1	Сырлаушы (үнемі нитросырмен жұмыс істейтін, малып алу тәсілімен)	24	6		10	16 тарау, 5 тармақ
2	Үнемі нитросырды бүріккішпен жұмыс істейтін сырлаушы	24	12		10	16 тарау, 6 тармақ
3	Метал, құйма, өнімдер мен бөлшектер тазалаушы	24	12	7	18	14 тарау, 42 тармақ
4	Пісірудің барлық түрлерінің электргазпісіруші (бөлмеде жұмыс істегенде)	24	12		14	15 тарау, 14 тармақ, 4 тармақша
5	Көпірлі кранның машинисті (дәнекерлеу учаскесінде)	24	6		10	
6	Механикалық жинақтау жұмыстарының слесары (дәнекерлеу учаскесінде)	24	6		10	
<b>№6 цех "Қазан және сыйымдылық жабдықтары" (106)</b>						
1	Гальваншы (ванналарда)	24	6		14	14 тарау, 82 тармақ, 2 тармақша
2	Рентгеногаммаграфиканың дефектоскописті	24	12	7	18	44 тарау, 1 тармақ, 2 тармақша
3	Химиялық талдау зертханашысы	24	12		10	12 тарау, 737 тармақ
4	Жетекші инженер – технолог (дәнекерлеу учаскесінде)	30			10	
5	Жетекші инженер – технолог (термоөңдеуде, гальваникада)	30			10	
6	Учаске шебері (пісіру учаскесінде)	30			10	

7	Кран машинисті (пісіру учаскесінде)	24	6		10	15 тарау, 4 тармақ
8	Механикалық жинақтау жұмыстарының слесары (пісіруде)	24	6		10	15 тарау, 6 тармақ, 2 тармақша
9	Жөндеуші слесарь (термоөңдеу, гальваникалық өңдеу учаскесінде)	24	6		10	14 тарау, 68 тармақ
10	Механикалық жинақтау жұмыстардың слесары (гидро-пневмо сынауда істейтін)	24	6		14	15 тарау, 6 тармақ, 2 тармақша
11	Аға шебер (пісіру учаскесінде)	30			10	
12	Аға шебер (термоөңдеу, гальваникалық өңдеу учаскесінде)	30			10	
13	Термист (пештерде)	24	6		14	14 тарау, 77, 3 тармақ)
14	Өндірісті дайындау бойынша техник (термоөңдеу, гальваноөңдеу учаскесінде)	24			10	
15	Өндірісті дайындау бойынша техник (пісіру учаскесінде)	24			10	
16	Өндіріс және қызмет бөлмелерін жинаушы (пісіру, г/ө, т/ө учаскесінде)	24	6		10	14 тарау, 69 тармақ
17	Металл, құйма, өнімдер мен бөлшектер тазалаушы	24	12	7	18	14 тарау, 42,1 тармақ)
18	Эл. жабдықтарды жөндеу және қызмет көрсету бойынша эл. монтері (пісіру, рентгенаппаратура учаскесінде)	24	6		10	14 тарау, 70 тармақ
19	Эл. жабдықтарды жөндеу бойынша эл. монтері (термоөңдеу, гальванөңдеу учаскесінде)	24	6		10	14 тарау, 70 тармақ
20	Пісірудің барлық түрлерінің электргазпісіруші (бөлмеде жұмыс істегенде)	24	12		14	15 тарау, 14 тармақ, 4 тармақша

21	Тұйық ыдыстарда жұмыс істегенде автомат машиналарда электргазпісіруші, электрпісіруші, жартылай автомат машиналарда электрпісіруші (қазан, сыйымдылық, бак, бөлік, трюм)	24	12	7	14	15 тарау, 12,13,14 тармақ, 1 тармақша
<b>№ 7 цех «Аспаптық және кабельдік өнімдердің» (116)</b>						
1	Электрмонтажшы - сұлбашы	24			10	
<b>Энергоқызмет (421)</b>						
1	Ағынды суларды тазарту аппаратшысы	24	12		10	46 тарау, 6 тармақ
2	Отқа берікші	24	12		10	46 тарау, 57 тармақ
3	Жылу желілердің операторы	24			10	
4	Желдету және ауа баптау жүйелерін жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі слесарь	24	6		10	46 тарау, 212 тармақ
5	Сантехникалық жүйелердің және жабдықтардың монтажшысы	24	6		10	46 тарау, 214 тармақ
6	Электр машиналарының элементтерін ораушысы	24	12		10	46 тарау, 241 тармақ
7	Дәнекерлеудің барлық түрлерін электргазбен дәнекерлеуші (бөлмеде жұмыс кезінде)	24	12		14	15 тарау, 14 тармақ, 4 тармақша
8	Нитро бояулармен пульверизатормен тұрақты жұмыс істейтін сырлаушы	24	6		10	16 тарау, 5 тармақ
9	Нитро бояулармен пульверизатормен тұрақты жұмыс істейтін сырлаушы	24	12		10	16 тарау, 6 тармақ
10	Бетоншы	24	6			27 тарау, 6 тармақ
<b>Жөндеу – маханикалық қызметі (422)</b>						
1	1,5 тоннадан бастап 3 тоннаға дейін жүк көтерімділігімен автомобиль жүргізушісі	24	6			37 тарау, 6 бөлік, 207 тармақ, 1 тарм.



2	3 тоннадан бастап және одан көп жүк көтерімдігімен автомобиль жүргізушісі	24	12			37 тарау, 6 бөлік, 207 тармақ, 2 тарм.
3	Тепловоз машинисті (көмекшісі)	24	12			2 тарау, 150 тармақ
4	Тракторшы	24	6			46 тарау, 227 тармақ
5	Пісірудің барлық түрлерінің электргазпісіруші (бөлмеде жұмыс істегенде)	24	12		14	15 тарау, 14 тармақ, 4 тармақша
<b>Ақпараттық технологиялар және телекоммуникациялар қызметі (435)</b>						
1	Электр байланыстың желілі ғимараттарының сымды хабалаудың электрмонтері	24	6			36 тарау, 1 тармақ
2	Телефон байланысының станциялы жабдығының электрмонтері	24	6			36 тарау, 17, 18 тармақ
<b>Сапа бөлімі (434)</b>						
1	Жетекші инженер (металлографиялық зерттеудің)	30			10	
2	Жетекші маман (химикалық және спектрлік талдау бойынша)	30			10	
3	Сапа жөніндегі инспектор (№3,4,5 цех)	30			10	
4	Химиялық және спектрлік талдау зертханашысы	24	12		10	12 тарау, 739 тармақ
5	КИПиА слесірі ( қысым аспаптары бойынша)	24	6		10	46 тарау, 239 тармақ, 1 тармақша
6	Құю өндірісіндегі бақылаушы	24	6		10	46 тарау, 70 тармақ
7	Ұсталық – баспақтау жұмыстардың бақылаушысы	24	6		10	46 тарау, 68 тармақ
8	Термоөңдеу және металл жабындылар бойынша бақылаушы	24	6		10	46 тарау, 67 тармақ

9	Дәнекерлеу жұмыстарын бақылаушы (НМК бақылаудың бұзбайтын әдістерін қолдана отыра)	24	6	10	4 тарау, 23 тармақ
10	Электромонтаждау жұмыстарының бақылаушысы	24			
<b>Денсаулық сақтау орны (522)</b>					
1	Денсаулық сақтау орнының меңгерушісі, орташа және кіші медицина қызметкерлер құрамы	24	12		43 тарау, 15, 21 тармақ
2	Санитар әйел	24	12		43 тарау, 15, 22 тармақ

Ескерту:

Тізім\* - «Ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесін, жұмыс істеу жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысына және еңбекке ақы төлеудің жоғарылатылған мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімін бекіту туралы» 28.12.2015 ж. № 1053 Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрінің бұйрығы.

**ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫ**

**Жұмыс беруші**

**Бас директор**

**Жуаспас Азамат Елюбайұлы**

**қолы**



**Қызметкерлер**

**Кәсіподақ комитетінің төрағасы**

**Зарубин Владимир Николаевич**

**қолы**



**Қоғамда үздіксіз жұмыс өтілі үшін қалыпты еңбек жағдайында жұмыс істейтін жұмысшыларға берілетін қосымша демалыстың ұзақтығы (күнтізбелік күнде)**

№п/п	Мамандықтар	Кәсіпорындағы үздіксіз жұмыс өтілінде					
		2 жыл	3 жыл	4 жыл	5 жыл	7 жыл	10 және одан көп жыл
1	2	4	5	6	7	8	9
1	Барлық атаулы білдекшілер	1	2	3	4	5	6
2	Білдектер мен бағдарламамен басқарылатын манипуляторлар және басқа металл өңдейтін білдектер баптаушысы;						
3	Бағдарламалық басқарумен білдектердің операторы						
4	Құрал – сайманшы слесір						
5	Слесір жөндеуші, металл өңдейтін білдектердің электржабдығы мен пісіру жабдығын жөндейтін электрмонтер, металлды қайшымен және баспақта кескіш						
6	Басқа мамандықтар (күзетшіден, аула тазалаушыдан басқа)						

**ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫ**

Жұмыс беруші

Бас директор  
Жуаспаев Азамат Елюбайұлы  
қолы \_\_\_\_\_



Қызметкерлер

Кәсіподақ комитетінің төрағасы  
Зарубин Владимир Николаевич  
қолы \_\_\_\_\_

**3-тен 6 күнтізбелік күнге дейін ұзақтылығымен қосымша еңбек демалысы  
берілетін қызметкерлер лауазымдарының тізімі**

№№ р/с	Лауазымның атауы	Жылсайынғы еңбек демалыстың ұзақтылығы күнтізбелік күндерде
1	2	3
1	Бас директор	30
2	Бас директордың орынбасары	30
4	Бас инженер	30
5	Ішкі аудит қызметінің жетекшісі	30
6	Техникалық директор, техникалық директордың орынбасары	30
7	Баспасөз - хатшы	30
8	Цех (қызмет) бастығы, цех (қызмет) бастығының орынбасары	30
9	Бөлім бастығы, бөлім бастығының орынбасары	30
10	Бас маман, бас маманның орынбасары	30
11	Бас инженер (негізгі өндіріс цехтарда)	30
12	Бюро бастығы	30
13	Топ жетекшісі	30
14	Жетекші маман, жетекші инженер	30
15	1, 2 санатты инженер	27
16	Корпоративті хатшы	30
17	Сектор (зертхана) бастығы	30
18	Учаске бастығы	30
19	Ішкі қауіпсіздік қызметінің бастығы	30
20	Ішкі қауіпсіздік қызметінің орынбасары	30
21	Ішкі қауіпсіздік қызметінің қызметкерлері және жұмысшылары	27
22	Цех (қызмет) механигі	30
23	Аға шебер, бақылау аға шебері	30
24	Бақылау шебері	30
25	Шебер, учаске шебері	30
26	Сапа жөніндегі инспектор	30

**ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫ**

**Жұмыс беруші**

**Бас директор  
Жуаспаев Азамат Елдобайұлы**  
ҚОЛЫ



**Қызметкерлер**

**Кәсіподақ комитетінің төрағасы  
Зарубин Владимир Николаевич**  
ҚОЛЫ



**Жұмыс орындарында еңбек жағдайы зиянды болуына байланысты жұмыс күндері 0,5 л. сүт алуға құқық беретін мамандықтар мен жұмыстар ТІЗІМІ**

**1. «ПЗТМ» АҚ бөлімшелерінде:**

1. Ағынды суды тазартатын аппаратшы
2. Газкескіш, газпісіруші
3. Гальваншы
4. Ұштаушы
5. Ұста
6. Шомылық түзеткіші
7. Құю өндірісінде бақылаушы
8. Ұсталық – баспақтау жұмыстардың бақылаушысы
9. Термоөндеу және металл жабындылары бойынша бақылаушы
10. Бақылаудың бұзбайтын әдістерінің дәнекерлеу жұмыстарының бақылаушысы
11. Электр монтаждау жұмыстарының бақылаушысы
12. Сапа жөніндегі инспектор (№ 3,4, 5 цех)
13. Хим. сараптау зертханашысы
14. Құюшы
15. Санитарлық-техникалық жүйелер жинақтаушысы
16. Сырлаушы
17. Тоқпақ, баспақ және манипуляторлар машинисті
18. Ұсталық-баспақтау жабдықтарын баптаушы
19. Пирометрист
20. Баспақшы-көрікші
21. Пластмассадан жасалған бұйымдарды баспақшы
22. Жылтыратушы
23. Арада, қол арада және білдекте кескіш
24. Дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу кезінде тікелей жақын жерде жұмыс істейтін слесарь-құрал-сайманшы
25. Дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу кезінде тікелей жақын жерде жұмыс істейтін механикалық жинақтау жұмыстарының слесары
